

ЛЕНИН ТУЫ

ҚИИ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚИИ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

98 (9675) 1955 жылғы 18 май Сәрсенбі // Шығуына 36 жыл, жеке саны 20 тыйын.

Жүгері агротехникалық талаптарға сай егілсін

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы астықтың жалпы түсімін арттырудың аса маңызды резерві ретінде жүгері егісін ұлғайтуға зор маңыз бере отырып, 1960 жылға дейін жүгері егісінің көлемін кемінде 28 миллион гектарға жеткізу, бұл дақылды еліміздің барлық аудандарында кең көлемде егу міндетін қойды. Бұл аса маңызды міндетті жүзеге асыруға біздің облысымыздың колхозшылары мен МТС, совхоз жұмысшылары үлкен үлес қосу мақсатымен үстіміздегі көктемде 50 мың гектардан астам жүгері егуді қоспарлады. Сондай-ақ, жүгерінің шығымдылығын арттыру жөніндегі озат тәжірибелерді кеңінен қолдана отырып, бағына шөп және сүрлем үшін егілетін жүгерінің гектарынан 250—300 центнерден, дәл үшін егілетін жүгерінің гектарынан 18—20 центнерден өнім алуды белгіледі.

Бәзір облыстың колхоздары мен совхоздары жүгері егуді жашай бастап, қызу жүргізуде. 15 майға дейін 2 мың гектарға жуық жүгері тұқымы шаршы-ұялап отырғызылды. Дегенмен жүгері егудің көзіргі барысы қолда бар мүмкіншіліктердің дәрежесінен кейін қалып отырып, ағаны айта кетіміз керек. Жүгері егуді барынша өрістете жүргізуге ауа райының қолайлы болуына қарамастан, Көнөхов, Октябрь аудандарының колхоздары бұл істі әлі қолға алмай отыр. Сол сияқты, жүгері егуге совхоздардың көпшілігі, әсіресе жаңа совхоздар кіріскен жоқ.

Жүгері егуге кірісті деген шаруашылықтардың өздерінде жұмыстың барысы өте қанағаттанғысыз. Өйткені МТС, колхоз басшылары жүгері егуге жан-жақты әзірленуді ұйымдастырмаған. Чистая, Николаев, Преснов тағы басқа МТС-терде жүгері тұқымын шаршы-ұялап отырғызатын арнаулы сеялқалар, сондай-ақ, бұл дақылды себуге бейімделіп қайта жабдықталған астық сеялқалары іске толық дайын емес. Колхоздарда жүгері егетін зводлар құрылмаған. Жүгері тұқымын шаршы-ұялап себуді агротехникалық талаптарға сай жүргізу үшін қажетті кадрлар даярлау ісіне мән берілмеген.

Кейбір колхоздардың басшылары, мәселен Петропавл ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың басшылары жүгері егуді жөніндегі талаптарды орындамауына

ды собықтар алуға болмайды. Бұл үшін жүгеріні егу кезінде әрбір ұяға 3—4 дән түсуін қамтамасыз еткен жөн. Мұны агрономдар жақсы біледі де. Бірақ амал не, олар істің басы-қасында жүріп, осы сияқты агротехникалық шаралардың дұрыс жүзеге асырылуын ұйымдастырмайды. Бірқатар колхоздарда жүгеріні шаршы-ұялап отырғызғанда әрбір ұяға 7—8 дән, кейін онан да көп дән түсуіне жол беріліп жүр. Ал Преснов МТС-нің бірқатар колхоздардағы агрономдары жүгері егісіне жақсы жер бөлінуін, топырақтың тұқым себу алдынан сапалы бапталуын, жергілікті және минералдық тыңайтқыштар енгізілуін, тұқымның себу алдынан күнге қыздырылуын және дәріленуін ұйымдастырмады.

Астық өндіруді арттырудың ең ірі резерві болып табылатын жүгері дақылын егудегі мұндай кемшіліктерге түзуге болмайды. Жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары мен мамандар жүгері егісін тез және агротехникалық талаптарға сай өткізуге тікелей басшылық жасаулары қажет. Жүгері өсіруді жете бағаламаушылықты астық өндіруді мөлаету, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру міндеттерін шешу ісіне кесел келтіру деп бағалау қажет.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы: «Жүгері егудің өндірісте кеңінен тексерілген шаршы-ұялап егу тәсілі және оны комбайнмен жыйнау жүгері өсіруге зор мүмкіншіліктер ашады, егісті күту жұмысын, өнімді жыйнауды толық механикаландыруға, бұл дақылды өсіруге жұмсалатын еңбекті көп азайтуға, оның өнімділігін арттыруға, жүгеріні мал шаруашылығы үшін тұрақты жемшөл базасын жасаудағы негізгі дақылға айналдыруға мүмкіндік береді» деп атап көрсетті. Сондықтан да әрбір колхоз бен совхозда шаршы-ұялап егу тәртібін мұқият жүзеге асыруға назар аударған жөн. Жүгеріні егу кезінде шаршы-ұялардың дұрыс орналастырылуын бақылап отыру және мұны ұйымдастыру агрономдардың аса маңызды міндеті.

Былғы облысымыздың колхоздары мен совхоздарында жүгері өсіруді негізінен комсомолецтер мен жастар қолға алды. Бұл бейбітшілік және достық

Европалық мемлекеттердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесінің ҚОРЫТЫНДЫ МАЗМҰНДАМАСЫ

1955 жылғы майдың 11-нен 14-не дейін Варшавада европалық мемлекеттердің—Албания Халық Республикасының, Болгария Халық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Поляк Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Советтік Социалистік Республикалар Одағының және Чехословак Республикасының Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі екінші Кеңесі болып өтті.

Варшава кеңесіне аталған мемлекеттердің мына өкілдері қатысты:

Албания Халық Республикасынан —Албания Халық Республикасының Министрлер Советінің Председателі **Мехмет Шеху** (Делегацияның басшысы), Албания Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Ұлттық Қорғаныс Министрі, генерал-лейтенант **Бекир Балуку**, Албания Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрі **Бехар Штюла**;

Болгария Халық Республикасынан —Болгария Халық Республикасының Министрлер Советінің Председателі **Вилко Червенков** (Делегацияның басшысы), Болгария Халық Республикасының Қорғаныс Министрі, армия генералы **Петр Панчевский**, Болгария Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрі **Минчо Нейчев**;

Венгер Халық Республикасынан —Венгер Халық Республикасының Министрлер Советінің Председателі **Андраш Хегедюш** (Делегацияның басшысы), Венгер Халық Республикасының Ұлттық Қорғаныс Министрі, генерал-полковник **Иштван Бата**, Венгер Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрі **Янош Болдоцки**, Венгер Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары **Эндре Шик**, Венгер Халық Республикасының Поляк Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі **Лайош Драгош**;

Герман Демократиялық Республикасынан —Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі **Отто Гротеволь** (Делегацияның басшысы), Герман Демократиялық Республикасының Премьер Министрінің орынбасары **Бальтер Ульбрихт**, Герман Демократиялық Республикасының Премьер Министрінің Орынбасары және Ішкі Істер Министрі **Вилли Штоф**, Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрінің Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі доктор **Лотар Болц**, Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрінің Орынбасары доктор **Ганс Лох**, Герман Демократиялық Республикасының Ауыл және орман шаруашылығы Министрі **Ганс Рейхельт**, Герман Демократиялық Республикасының Ішкі Істер Министрінің Орынбасары генерал-лейтенант **Гейнц Гофман**, Герман Демократиялық Республикасының Поляк Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі **Стефан Гейман**;

Поляк Халық Республикасынан —Поляк Халық Республикасының Министрлер Советінің Председателі **Юзеф Циранкевич** (Делегацияның басшысы), Поляк Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және Ұлттық Қорғаныс Министрі, Польша Маршалы **Константин Рокоссовский**, Поляк Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрі **Станислав Снашешевский**, Поляк Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары **Мариан Нашковский**;

Румын Халық Республикасынан —Румын Халық Республикасының Министрлер Советінің Председателі **Георге Георгиу-Деж** (Делегацияның басшысы), Румын Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және Қа-

рулы Күштер Министрі, армия генералы **Эмиль Боднараш**, Румын Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрлері **Симион Бугич**, Румын Халық Республикасының Қарулы Күштері Бас штабының бастығы, генерал-лейтенант **Ион Тутювяну**, Румын Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары **Григоре Преотяса**, Румын Халық Республикасының Поляк Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі **Марин Флоря Ионеску**;

Советтік Социалистік Республикалар Одағынан —ССРО Министрлер Советінің Председателі **Н. А. Булганин** (Делегацияның басшысы), ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі **В. М. Молотов**, ССРО Қорғаныс Министрі, Совет Одағының Маршалы **Г. К. Жуков**, Совет Одағының Маршалы **И. С. Конев**, РСФСР Министрлер Советінің Председателі **А. М. Пузанов**, Украин ССР Министрлер Советінің Председателі **Н. Т. Нальченко**, Белорус ССР Министрлер Советінің Председателі **К. Т. Мазуров**, Латвия ССР Министрлер Советінің Председателі **В. Т. Лацис**, Литван ССР Министрлер Советінің Председателі **М. А. Гедвилас**, Эстон ССР Министрлер Советінің Председателі **А. А. Мюрисеп**, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары **В. А. Зорин**, ССРО-ның Поляк Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі **П. К. Пономаренко**;

Чехословак Республикасынан —Чехословак Республикасының Премьер-Министрі **Вильям Широкий** (Делегацияның басшысы), Чехословак Республикасының Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары және Ұлттық Қорғаныс Министрі, армия генералы **Алексей Чепична**, Чехословак Сыртқы Істер Министрі **Вацлав Давид**.

Кеңеске байқаушы ретінде **Қытай Халық Республикасының** Өкілі —Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Советі Премьерінің Орынбасары және Қорғаныс Министрі **Пын Дэ Хуай** да қатысты.

Варшава Кеңесіне қатысушылар Париж соғыс келісімдерінің бекітілуіне байланысты халықаралық жағдайда болған өзгерістерді жан-жақты талқылады және демилитарландырылып жатқан Батыс Германияны қатыстырып және оны Солтүстік Атлантика блогіне қосып «Батысевропалық одақ» түріндегі жаңа соғыс тобын құруды көздейтін Париж келісімдерінің бекітілуі жаңа соғыстың қатерін күшейтеді және бейбітші мемлекеттердің ұлттық хауіпсіздігіне қатер туғызады, деп атап көрсетті.

Кеңеске қатысушы мемлекеттер өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және Европада бейбітшілікті сақтау мүдделері үшін қажетті шаралар қолдануды ұйғарды.

Осы мақсатпен Варшава кеңесіне қатысушы мемлекеттер Албания Халық Республикасының, Болгария Халық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Поляк Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Советтік Социалистік Республикалар Одағының және Чехословак Республикасының арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договор жасады.

Кеңесте Договорға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің Біріккен Командованисін құру туралы қарар да қабылданды.

Кеңес бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің туысқан халықтарының шын пейілді достығы мен ынтымағының белгісі болып табылатын толық бір-ауыздылық жағдайда өтті.

Достық, ынтымақ және өзара көмек туралы ДОГОВОРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛУЫ

1955 жылғы 14 майда сағат 10-да Поляк Республикасы Мемлекеттік Советінің үйінде Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Чехословак Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договорға қол қойылды.

Договорға қол қойғандар:

Албания Халық Республикасының Халық уәкілі етуі бойынша —М. ШЕХУ	Жыйналысы	Президиумының
Болгария Халық Республикасының Халық уәкілі етуі бойынша —В. ЧЕРВЕНКОВ	Жыйналысы	Президиумының
Венгер Халық Республикасының Халық уәкілі етуі бойынша —А. БОЛДОЦКИ	Жыйналысы	Президиумының

ның Мемлекеттік Советі/Премьерінің Орынбасары және Қорғаныс Министрі **Пын Дэ Хуай** сөз сөйлеп, ол мынадай мәлімдеме жасады:

«Қымбатты жолдастар,

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесі үш күн бойы жүргізген одағырлы жұмыстан кейін тарихи маңызы бар табыстарға жетті. Қытай халқы дүние жүзінің барлық бейбітшілік халықтарымен бірге Кеңесті аса үздік табыстармен қызу құттықтайды.

Варшава кеңесінің нәтижелері Кеңеске қатысушылардың Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қорғауға берік бел байлап отырғанын тағы да көрсетті; бұл нәтижелер сонымен қатар Совет Одағы басқарып отырған бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің топтасқандығы мен күнтізбегін айқындады. Мемлекеттердің

звеноны таратып жіберген, звено бастығы Андрущенко жолдасты трактор бригадасына аспапшы етіп тағайындаған. Қазір жүгері себетін арнаулы сеялкамен жұмыс істеуге маман сеялкашылардың болмауы себепті колхоз бұл іске кірісе алмай отыр. Бұл сияқты фактілер жалғыз Петропавл ауданының колхоздарында ғана емес, басқа да аудандардың колхоздарында орын алуда.

Жоғары сортты жүгері тұқымын мол дайындау жүгерінің шығымдылығын арттыра түсудің басты шараларының бірі екені мәлім. Осыған қарамастан көп колхоздар бұл іске мән бермей келді. Совет ауданындағы Киров атындағы колхоздың председатели Дедикин жолдас жүгері тұқымын кезінде тасуды ұйымдастырмады. Мемлекет тарапынан несиеге берілген 24 центнер тұқымның небары 4 центнері ғана алынды. Ал қазір астық пунктінде жүгері тұқымы жоқ. Тек Дедикин жолдас тұқым тасуды кезінде ұйымдастыруға жауапсыз қарауының салдарынан колхоз тұқымысыз қалып отыр.

Жүгеріден мол өнім алу үшін оны бір ұяда екі сабақтан қалдырып, шаршы ұяда екіден ету қажет, өйткені ұяда өсімдіктер өте көп болғанда, толық күн-

детті ойдағыдай орындауын қамтамасыз ету үшін МТС, совхоз агрономдары олармен үнемі бірге болып, іскер практикалық көмек көрсетуі керек. Бұл үшін ең алдымен жүгері егуді агротехникалық талаптарға сай, қысқа мерзімде өткізуді ұйымдастыру керек. МТС-тердің, совхоздардың директорлары мен бас агрономдары жүгеріні шаршы-ұялап егу жұмысының сапасын күн сайын тікелей өздері бақылап отыруға тиіс.

Колхоз, МТС, совхоз партия ұйымдары жүгеріні шаршы-ұялап егу жөніндегі озат әдістерді, еңбек өнімділігін арттырудағы озаттардың инициативасын қолдап, оны кеңінен насихаттап отыруға міндетті. Жүгері өсіретін арнаулы звенолардың социалистік жарысын күнбе-күн басқарып отырулары қажет. Звено мүшелерінің, сол сияқты, жүгері себудағы трактор агрегаттарында жұмыс істейтін механизаторлардың мәдени-тұрмысын жақсарту беруге үнемі қамқорлық жасап отырулары тиіс.

Астық өндіруді және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыра берудің қайнар бұлағы—жүгері егісін агротехникалық қолайлы мерзімде, жоғары сапада өткізіп, одан мол өнім алудың берік негізін қалайық!

Д. И. Бойко-Павлов жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Д. И. Бойко-Павлов жолдастың совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектерін атап көрсетіп, Демьян Иванович Бойко-Павлов жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль
14 май, 1955 жыл.

Г. В. Черепяхин жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Г. В. Черепяхин жолдастың қоғамдық-саяси қызметіне 50 жыл толуына байланысты және оның революциялық қозғалысқа қатысқаны атап көрсетіліп, Григорий Васильевич Черепяхин жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль
14 май, 1955 жыл.

Н. Н. Яковлевті Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

РСФСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ССР Одағы Ғылым академиясының мүшесі-корреспонденті Н. Н. Яковлевтің туғанына 85 жыл, ғылыми және педагогикалық қызметіне 60 жыл толуына байланысты және оның биологиялық ғылымды дамыту саласында сіңірген еңбектері атап көрсетіліп, Николай Николаевич Яковлев жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль
14 май, 1955 жыл.

А. ХЕГЕДЮШ
Герман Демократиялық Республикасы Президентінің уәкілі етуі бойынша—
О. ГРОТЕВОЛЬ
Поляк Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің уәкілі етуі бойынша—
Ю. ЦИРАНКЕВИЧ
Румын Халық Республикасының Ұлы Ұлттық Жыйналысы Президиумының уәкілі етуі бойынша —Г. ГЕОРГИУ-ДЕЖ
Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі Президиумының уәкілі етуі бойынша —Н. БУЛГАНИН
Чехословак Республикасы Президентінің уәкілі етуі бойынша—
В. ШИРОКИЙ

Герман Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы О. Гротеволь Договорға қол қойған кезде Герман Демократиялық Республикасы Үкметінің атынан мынадай Декларация жариялады:

«Договордың мақсаты—Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету екенін ескере отырып, Герман Демократиялық Республикасының Үкметі Договордан герман халқының Германияны бейбітшілік және демократиялық негізде қайта қосуға ұмтылған талабында оған зор көмек көрсетіліп отырғанын көреді, Герман Демократиялық Республикасы Германияны бейбітшілік және демократиялық негіздерде біріктіру ісін бұрынғысынан өзінің негізгі міндеті және бүкіл герман халқының міндеті деп санайды, сондықтан ол Германияның бірлігін қалпына келтіруді тездетуге барынша көмектесетін болады. Достық, ынтымақ және өзара көмек туралы осы Договорға қол қойғанда, Герман Демократиялық Республикасының Үкметі біріктірілген Германия оның біріктірілуіне дейін жасалған тиісті соғыс-саяси договорлар мен келісімдер бойынша Германияның қайсы бір бөлегі алған міндеттемелерден еркін болады деген пікірге сүйеніп отыр».

Герман Демократиялық Республикасы Үкметінің жоғарыда көрсетілген Декларациясын Кеңес толық түсінгендіктен қабылдап, еске алды.

Қытай Халық Республикасы Үкметінің атынан Қытай Халық Республикасы—

Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословак Республикасы арасындағы

достық, ынтымақ және өзара көмек туралы

ДОГОВОР

Келісуші Жақтар,

Европада, барлық еуропалық мемлекеттердің қоғамдық және мемлекеттік құрылысының қандай екеніне қарамастан, олардың қатысуына негізделетін коллективтік хауіпсіздік системасын құруға ұмтылған өздерінің талабын тағы да қуаттай отырып, мұның өзі Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету мүдделері үшін олардың күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік берген болар еді,

сонымен бірге, ремилитарландырылып жатқан Батыс Германия қатыстырылатын және оны Солтүстік Атлантика блогіне қосатын «батыс-европалық одақ» түрінде жаңа соғыс тобын құруды көздейтін Париж келісімдерін бекіту салдарынан Европада туған жағдайды, мұның өзі жаңа соғыс хауіпін күшейтетінін және бейбітшілік мемлекеттердің ұлттық хауіпсіздігіне қатер төндіретінін ескере отырып, бұл жағдайда Европаның бейбітшілік мемлекеттері өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және Европада бейбітшілікті қолдау мүдделері үшін қажетті шаралар қолдануға тиіс екендігіне сенгендіктен,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының мақсаттары мен принциптерін басшылыққа ала отырып,

мемлекеттердің тәуелсіздігі мен суверенитетін құрметтеу, сонымен қатар олардың ішкі істеріне араласпау принциптеріне сәйкес достықты, ынтымақты және өзара көмекті онан әрі нығайтып, дамыту мүдделері үшін,

достық, ынтымақ және өзара көмек туралы осы Договорды жасасуға ұйғарды және:

бел банланғандықпен және мұндай күшпен санаспауға болмайды.

Бейбітшілік пен хауіпсіздікті қорғаудың Кеңес көрсетін берген дұрыс жолы бүкіл дүние жүзі халықтарының мүдделері мен көкейтесті армандарына әбден сәй келеді.

Қытай Халық Республикасының Үкметі былай деп санайды: Варшава кеңесінде қабылданған қарарлар бейбітшілік ісіне қосылған зор үлес болып табылады, өйткені бұл қарарлар Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етудің өте маңызды шарасы ғана болып табылмайды, сонымен бірге Азиядағы бейбітшілік пен хауіпсіздікке де едәуір ықпал жасайтын болады.

Қытай Халық Республикасы Үкметінің тапсыруы бойынша мен былай деп мәлімдеймін: Қытайдың Үкметі мен алты жүз миллион халқы Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословак Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы жаңа ғана қол қойылған Договорға толық тілектестік білдіреді және оны қолдайды. Біз осы Кеңестің табыстары бейбітшілік елдер мен халықтарды онан әрі топтастыруға көмектеседі және Европада, сондай-ақ бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздік ісін нығайтуға едәуір дәрежеде атсалысатын болады деп сенеміз».

Кеңеске қатысушылар Қытай Халық Республикасы өкілінің бұл мәлімдемесін қанағаттанғандықпен қабыл алды.

Қорытындыда Поляк Халық Республикасы Үкметінің атынан Министрлер Советінің Председателі Юзеф Циранкевич сөз сөйледі.

Договорға қол қойған кезде Кеңеске қатысушы мемлекеттер делегацияларының барлық мүшелері және Қытай Халық Республикасының өкілі болды.

Сонымен қатар Польшаның біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Болеслав Берут және Поляк Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің Председателі Александр Завадский, ЛБЖШ Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері және Поляк Халық республикасы Үкметінің мүшелері болады.

Төменде Договордың тексті және Договорға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің Біріккен Командованнесін құру туралы хабар жарияланып отыр.

Албания Халық Республикасы Халық Жыйналысының Президиумы —Албания Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Мехмет Шехуды,

Болгария Халық Республикасы Халық Жыйналысының Президиумы —Болгария Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Вляко Червенковты, Венгер Халық Республикасының Президиумы —Венгер Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Андраш Хегедюшті,

Герман Демократиялық Республикасының Президенті —Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі Отто Гротевольді,

Поляк Халық Республикасының Мемлекеттік Советі —Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Юзеф Циранкевичті,

Румын Халық Республикасы Ұлы Ұлттық Жыйналысының Президиумы —Румын Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Георге Георгиу-Дежді, Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы — ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Николай Александрович Булганинді, Чехословак Республикасының Президенті —Чехословак Республикасының Премьер-Министрі Вильям Широкийді,

өздерінің уәкілдері етіп тағайындады, бұлар, тиісті формада және толық тәртіпте деп табылған өз өкілдіктерін табыс етіп, төмендегілер туралы келісті:

Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословак Республикасы арасындағы ДОСТЫҚ, ЫНТЫМАҚ ЖӘНЕ ӨЗАРА КӨМЕК ТУРАЛЫ ДОГОВОР

(Соңы. Басы 1-бетте).

1-СТАТЪЯ

Келісуші Жақтар Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставына сәйкес өздерінің халықаралық қатынастарында күш көрсетуден немесе күш жұмсаймыз деп қорқытудан тартынуға және өздерінің халықаралық дауларын бейбіт құралдармен шешкенде, мұның өзі халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер төндірмейтіндей етіп шешуге міндеттенеді.

2-СТАТЪЯ

Келісуші Жақтар халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатын көздейтін барлық халықаралық құйымдарға шын ниетпен ынтымақтасу рухында қатысуға өздерінің өзін екендігін мәлімдейді және осы мақсаттарды жүзеге асыруға өз күштерін толығымен жұмсайтын болады.

Соның өзінде Келісуші Жақтар, бұл істе ынтымақтасқысы жететін басқа мемлекеттермен келісе отырып, қару-жарақты жаппай азайту үшін, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа да түрлеріне тыйым салу үшін пәрменді шаралар қолдануға күш салады.

3-СТАТЪЯ

Келісуші Жақтар, халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту мүдделерін басшылыққа ала отырып, өздерінің ортақ мүдделеріне қатысы бар барлық халықаралық маңызды мәселелер жөнінде өзара консультация алысатын болады.

Олар әрқашан да, өздерінің қайсы бірінің пікірінше, Договорға қатысушы мемлекеттердің біріне немесе бірнешеуіне қарулы шабуыл жасалу қатері туғандай күнде, бірлескен қорғанысты қамтамасыз ету және бейбітшілік пен хауіпсіздікті қалтау мүдделері үшін, өзара шұғыл консультация алысатын болады.

4-СТАТЪЯ

Еуропада Договорға қатысушы мемлекеттердің біріне немесе бірнешеуіне қайсы бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының тарапынан қарулы шабуыл жасалғандай жағдайда, Договорға қатысушы әрбір мемлекет жеке немесе коллектив болып өзі өзі қорғау праволарын жүзеге асыру ретінде, Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының 51-статьясына сәйкес, осындай шабуылға ұшыраған мемлекетке немесе мемлекеттерге өзі қажет деп санайтын барлық құралдармен, соның ішінде қарулы күш жұмсау жолымен, жеке өзі және Договорға қатысушы басқа мемлекеттермен келісе отырып, дереу көмек көрсетеді. Договорға қатысушы мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті қалпына келтіру және қолдау мақсатымен қолдану қажет болатын бірлескен шаралар жайында дереу консультация алысатын болады.

Осы статьяның негізінде қолданылатын шаралар туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының ережелеріне сәйкес Хауіпсіздік Советіне хабар етіледі. Бұл шаралар, Хауіпсіздік Советі халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті қалпына келтіру және қолдау үшін қажетті шараларды қолданғаннан кейін, іле-шала тоқтатылады.

5-СТАТЪЯ

Келісуші Жақтар өздерінің қарулы күштерінің Біріккен Командованиесін құру туралы келісімі, бұл қарулы күштер бірлесіп белгіленген принциптер негізінде құйымдасатынын осы командованиенің қарамағына Келісуші Жақтар арасындағы келісім бойынша бөлініп беріледі. Олар сонымен қатар, өз халықтарының бейбіт еңбегін қорғау, өз шекаралары мен территорияларының қол сұғылмайтын тұтастығын сақтау және мүмкін болатын агрессиядан қорғауды қамтамасыз ету үшін өздерінің қорғаныс қабілетін нығайтуға қажетті басқа да келісілген шаралар қолданылатын болады.

6-СТАТЪЯ

Осы Договорда кезделген Договорға қатысушы мемлекеттер арасындағы консультацияларды жүзеге асыру мақсатымен және осы Договорды жүзеге асырумен байланысты туатын мәселелерді қарау үшін Саяси Консультациялық Комитет құрылады, онда Договорға қатысушы әрбір мемлекеттен Үкмет мүшесі немесе айырықша

көздейтін қайсы бір коалицияларға немесе одақтарға қатыспауға және ешқандай келісімдер жасаспауға міндеттенеді.

Келісуші Жақтар қолданылып отырған халықаралық договорлар бойынша өздерінің алған міндеттемелері осы Договордың ережелеріне қайшы келмейді деп мәлімдейді.

8-СТАТЪЯ

Келісуші Жақтар, өздерінің тәуелсіздігі мен суверенитетін өзара құрметтеу және ішкі істеріне араласпау принциптерін басшылыққа ала отырып, өздерінің арасында экономикалық және мәдени байланыстарды оған әрі дамыту және нығайту мақсаттары үшін достық пен ынтымақ рухында құйымдасатынын мәлімдейді.

9-СТАТЪЯ

Осы договорға қатысу жолымен халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары үшін бейбітшілік мемлекеттердің күш-жігерін біріктіру ісіне атсалысуға өзін екенін білдіретін басқа мемлекеттердің, олардың қоғамдық және мемлекеттік құрылысының қандай екеніне қарамастан, келіп қосылуына осы Договор ашық болады. Мұндай келіп қосылу Договорға қатысушы мемлекеттердің келісуімен, келіп қосылу туралы документ Поляк Халық Республикасы Үкметінің сақтауына берілгеннен кейін күшіне кіреді.

10-СТАТЪЯ

Осы Договор бекітуге жатады, ал бекіту грамоталары Поляк Халық Республикасы Үкметінің сақтауына беріледі.

Договор соңғы бекіту грамотасын сақтауға берілген күні күшіне кіреді. Поляк Халық Республикасының Үкметі әрбір бекіту грамотасының сақтауға берілген туралы Договорға қатысушы басқа мемлекеттерге хабарлап тұрады.

11-СТАТЪЯ

Осы Договор жыйырма жыл бойы күшінде сақталады. Бұл мерзім бітуден бір жыл бұрын Договордың күшін жою туралы Поляк Халық Республикасының Үкметіне мәлімдемелер тапсырмаған Келісуші Жақтар үшін бұл договор келесі он жыл бойына күшінде сақтала береді.

Ал Еуропада коллективтік хауіпсіздік системасы құрылып, осы мақсатпен коллективтік хауіпсіздік туралы Жалпыевропалық Договор жасалғандай күнде, бұған келісуші жақтар ұдайы ұмтыла береді. — осы Договор, Жалпыевропалық Договор күшіне кірген күннен бастап, өзінің күшін жойды.

Варшавада 1955 жылғы 14 майда орыс, поляк, чех және неміс тілдерінде бір дана болып жасалды, соның өзінде барлық текстердің күші бірдей. Осы Договордың расталған көшірмелерін Поляк Халық Республикасының Үкметі Договордың барлық басқа қатысушыларына жібереді.

Осыны куәлендіру үшін уәкілдер осы Договорға қол қойып, оған мөрлерін басты.

- Албания Халық Республикасының Халық Жыйналысы Президиумының уәкілі етуі бойынша **Мехмет Шеху**
- Болгария Халық Республикасының Халық Жыйналысы Президиумының уәкілі етуі бойынша **Вилко Червенков**
- Венгер Халық Республикасы Президиумының уәкілі етуі бойынша **Хегедюш Андраш**
- Герман Демократиялық Республикасы Президентінің уәкілі етуі бойынша **Отто Гротеволь**
- Поляк Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің уәкілі етуі бойынша **Юзеф Циранкевич**
- Румын Халық Республикасының Ұлы Ұлттық Жыйналысы Президиумының уәкілі етуі бойынша **Георге Георгиу-Деж**
- Советтік Социалистік Республикалар Одағының

Егіншілердің социалистік жарысы

Октябрь ауданындағы ірі шаруашылықтардың бірі — Степной совхозы. Бұл совхоздың егіс көлемі үстіміздегі жылы 20 мың гектардан асып отыр. Демек біздің совхоз бйыл мемлекетке астықты өткен жылға қарағанда екі жарым-үш есе артық беруге тиіс. СОКМ Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын насихаттау жөнінде партия ұйымы өзінің совхоз қызметкерлері арасында жүргізген бұқаралық-саяси жұмысын жоғарыда айтылған міндеттермен ұштастыра жүргізіп келеді.

Партия ұйымы апрель айының екінші жартысында көктемгі дала жұмыстары кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыстың жопарын жасап, оны коммунистер мен партияда жоқ активтердің талқылауына ұсынды. Партия жыйналысы бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлерін егіншілердің социалистік жарысын кеңінен ұйымдастыру мақсатына бағыттауды, коммунистердің көктемгі егіс кезінде шешуші участоктерде жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етті.

Мұнан кейін қабылданған қаулының орындалуы ұйымдастырылды. Бригадалардың, жеке егіншілердің арасында социалистік жарыс шарттары жасалып, егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуді көздеген социалистік міндеттемелер қабылданды. Бригадалардың өндірістік жыйналыстарында Тимирязев совхозы коллективінің үндеуі қызу талқыланды.

Партия ұйымы 14 коммунисті тұқым себетін агрегаттарда, көктемгі егістің басқа да участоктерінде тікелей жұмыс істеуге бөлді. Егіншілердің мәдени кестары радиоабылдағыштармен, жылжымалы кітапханалармен қамтамасыз етіліп, оларда үгітшілердің егіншілермен әңгімелер өткізуі социалистік жарыстың барысының өндірістік жыйналыстарда талқылануы, көрсеткіш тақталарына жазылуы ұйымдастырылды. Бұл шараларымыз көзір өзінің тиісті нәтижесін беруде.

Коммунистер өздерінің қақырлы еңбектерімен де, өнегелі сөздерімен де социалистік жарыстың барысына ықпал жасап келеді. Мәселен коммунист Инашов жолдас № 3 бригадала тұқым себуші болып істейді. Ол жұмыс істейтін агрегат совхозда егіс жұмысына бірінші болып кірісін, сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Инашов жолдас бригадала үгітші, егіншілермен үнемі әңгімелер өткізіп, өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін насихаттайды, социалистік жарыста артта қалушылар жөнінде көпшілік пікірін ұйымдастырады.

Бір мысал: май айының алғашқы күндерінде кейбір агрегаттарда жұмыс істейтін адамдар өнімді еңбек ете алмады. Бұл кезде коммунист Баймұқанов жолдас жұмыс істейтін агрегат күн сайын 45 гек-

тардың орнына 50-55 гектар жерге тұқым сеуіп, басқаларға үлгі көрсетті. Үгітші Инашов жолдас бұл фактіні пайдаланып, бригада мүшелерімен әңгіме өткізді. Ол өзінің әңгімесінде Баймұқановтың алғашқы табыстарын айтып, жұмыстағы кемшіліктерді батыл сынға алды. Әңгімеден кейін бригадала жауынгерлік листоктың кезекті номері шығарылды. Онда агрегат мүшелерінің жұмыс тәжірибелері баяндалған Баймұқанов жолдаспың мақаласы жарияланды. Өткен бескүндіктің қорытындысы бойынша бұл агрегатқа бригадалың Ауыспалы вьшпелі тапсырылды. Осы шаралардың нәтижесінде бригадала егіс жұмыстарының қарқыны күшейіп, соңғы 3 күнде 1500 гектар жерге тұқым себілді.

№ 6 бригадала көктемгі дала жұмыстарының алғашқы кезінде жұмыстың қарқыны баяу болды. Мұнда тырмалау мен тұқым себудің арасында 400 гектардан астам алнақтық болуына жол берілді. Бригадала бұл кемшілікті дереу жою мақсатына арналған өндірістік кеңес өткізілді. Механизаторлар өздерінің сөздерінде тұқым себетін агрегаттардың тәулік бойы жұмыс істеуін ұйымдастыру жөнінде қатаң талап қойды. Совхоз басшылары механизаторлардың орынды ұсыныстарының жүзеге асырылуына құлақ асып, бригадала жұмыстың тәулік бойы жүргізілуіне қажетті жағдай жасады. Бригадир Канрожий жолдас үгітші Василенко жолдаспен бірлесіп отырып, социалистік жарыстың бұқаралығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударды.

Бригадала егіншілердің сменалық тапсырмаларының нәтижелері көрсеткіш тақтасына жазылады, өндірістік жыйналыстарда талқыланады. Мұнда май айының екінші бескүндігіндегі қорытынды бойынша социалистік жарыста бірінші орынға ие болған тракторшы Шубин жолдас сменалық тапсырмаларын 150-170 процент орындап, басқаларға үлгі көрсетті. Бригадалағы коммунистер мен үгітшілер озаттардың тәжірибелерін жалпыға кеңінен насихаттай отырып, көзір әрбір адамның сменалық тапсырманы толық және асыра орындауына жетісті. Соңғы бескүндіктің қорытындысы бойынша бұрын артта қалған № 6 бригада социалистік жарыста басқалардан озып шығып, совхоздың Ауыспалы қызыл туына ие болды.

Совхоз партия ұйымы егіншілердің социалистік жарысына басшылықты оған әрі жақсартып, көктемгі дала жұмыстарының таяудағы үш-төрт күнде аяқталуына жеткізеді.

Қ. РЫСБЕКОВ.

Степной совхозы партия ұйымының секретары.

Комитет қажет болған күнде көмекші органдар құра алады.

7-СТАТЬЯ

Келісуші Жақтар осы Договордың мақсаттарына қайшы келетін мақсаттарды

Достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договорға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің Біріккен Командованиесін құру туралы

Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословак Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договорға сәйкес Договорға қатысушы мемлекеттер қарулы күштердің Біріккен Командованиесін құру туралы қарар қабылдады.

Бұл қарарда былай деп көрсетілді: Договорға қатысушы мемлекеттердің қорғаныс қабілетін нығайтуға және олардың Біріккен қарулы күштерін ұйымдастыруға қатысы бар ортақ мәселелер Саяси Консультациялық Комитеттің қарауына жатады, ол тиісті қарарлар қабылдайды.

Договорға қол қоюшы мемлекеттер бөлген Біріккен қарулы күштердің Бас команданысы болып Совет Одағының Маршалы **И. С. Конев** тағайындалды.

Біріккен қарулы күштердің Бас команданысының орынбасарлары болып До-

Николай Александрович Булганин
Чехословак Республикасы Президентінің уәкіл етуі
бойынша Вильям Широкий.

горовға қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс Министрі немесе басқа әскери басшылары тағайындалады, оларға Біріккен қарулы күштер құрамына бөлінген Договорға қатысушы әрбір мемлекеттің қарулы күштерін басқару міндеті жүктеледі.

Біріккен Командованиенің қарулы күштеріне қатысы бар шараларға Герман Демократиялық Республикасының қатысуы туралы мәселе кейінірек қаралады.

Біріккен қарулы күштердің Бас команданысы жанында Договорға қатысушы мемлекеттердің Біріккен қарулы күштерінің Штабы құрылады, оның құрамында Договорға қатысушы мемлекеттердің Бас штабтарының тұрақты өкілдері енгізіледі.

Штабтың тұрақты орны — **Москва қаласы**.

Біріккен қарулы күштерді Договорға қатысушы мемлекеттердің территориясына орналастыру өзара қорғаныс тілектеріне сәйкес осы мемлекеттер арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылатын болады.

СУДАН ШӨБІ—БАҒАЛЫ МАЛАЗЫҚТЫҚ ДАҚЫЛ

Суданка көп сабақ жаятын астық тұқымдас өсімдіктердің қатарына жатады. Сырттан пайда болатын қосалқы тамырлар өсімдіктің сабағына жапырылмайтын, сондай-ақ жулып алудан және малдың таптауынан зақымданбайтын қасиет береді.

Судан шөбінің Қазақстан шаруашылығындағы маңызы оның тұрақты және мол өнім беретіндігімен, алуан түрлі пайдаланылатындығымен белгіленеді. Жартылай шөл және құрғақ дала жағдайында суданканың еңкелі көкшөп конвейерін ұйымдастыру және отардағы мал участкаларында сақтық пішен қорын жасау үшін зор маңызы бар. Жаздың екінші жартысында табиғи-жайылымдардағы шөп құрап кеткен кезде судан шөбінің егіннің көк шөп ретінде пайдалануға болады.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы Қазақ филиалының жемшөп және жайылымдар институты бұл шөпті республикамыздың әртүрлі табиғат жағдайларында сынау, оны өсірудің агротехникалық тәсілдерін белгілеу жөнінде, сондай-ақ өндірістік тәжірибені тарату жөнінде көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Бұл зерттеулердің нәтижесінде суданка шөбі республикамыздың барлық облыстарында тұрақты және мол көкшөп өнімін беретіндігі анықталды. Мәселен, оңтүстік облыстардың суарылмайтын жерлері жағдайында, институттың Келес тірек пунктіне судан шөбі пішенінің өнімі соңғы бес жылдың ішінде гектарына орта есеппен 17,4 центнер болып келеді, қуаңшылық жылдарда өнімнің мөлшері гектарына 12,7 центнерге дейін төмендеп, жауын-шашын мол болған жылдарда гектарына 23,3 центнерге дейін артып отырады.

Батыс Қазақстан облысындағы Орал тірек пунктіне суданкадан алты жылдың

ішінде гектарына орта есеппен 17,2 центнерден пішен алынды. Қар тоқтату әдісін қолданған кезде пішен өнімділігі 29 центнерге дейін артты. Мұнда Батыс Қазақстанның құрғақ дала жағдайларында алты жыл бойына сынаған кезде суданка төрт жыл бойына екі рет шабылды. Пункттің қысқа мерзімде су көлдетілетін участкаларында суданка пішенінің өнімі гектарына 90 центнерге дейін артты.

Институттың жартылай шөл өлкеде орналасқан Ақтөбе тәжірибе станциясындағы нағыз қуаңшылық климат жағдайында соңғы үш жылдың ішінде алынған пішен өнімі гектарына 25,7—24,6—28,9 центнер болды. Суданка көктемде жыртылған жерге егілгенде гектарынан 205,8 центнер көкшөп немесе 61,7 центнер пішен алынды. В. М. Макаровтың осы станцияда жасаған тәжірибелері белгілі бір вегетация кезеңінде шауып алып тұрса, суданка октябрьге дейін көкшөп өнімін бере алатынын көрсетті. Құрғақ және жартылай шөл дала жағдайында мұның зор маңызы бар, өйткені табиғи жайылымдардағы шөп жаз ортасында құрғап кетеді.

Суданка егу шөл жағдайында да сәтті болады. Мәселен, Алматы облысының Бөзой участкасында жусан-рап тәріздестер өсетін шөлде егілген суданка 51 центнерге дейін көкшөп өнімін береді, ал Бетпақдаланың маусымдық жайылымдарының комплексі құрамына кіретін Сарыарқа даласының оңтүстік бөлегінде егілген суданканың гектарынан 27 центнерден 57 центнерге дейін пішен алынады.

Суданка Қазақстанның Солтүстік облыстарында бұдан да көп өнім береді. Өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Полудень ауданының Чапаев атындағы колхозында өндірістік мақсатпен егін бірінші рет шабылғанда суданкадан 35,6 цент-

нерден, ал екінші рет шабылғанда 28,2 центнерден пішен алынды. Сай-саладағы шабындық жерлерден гектарына небәрі 2,5 центнерден пішен алынған жылы суданкадан осындай өнім жыйналды.

Суарылатын жағдайда, әсіресе біржылдық баққа шөптермен араластырылып егілсе, судан шөбі бұдан да мол өнім береді. Жамбыл тірек пунктінің тәжірибе өндірістік өлісінде сұлымен және сыйыр жоңышқамен араластырып егілген судан шөбінің көкшөп өнімі төрт рет шабылғанда гектарына 495,2 центнер болды. Таза өзі ғана егілгенде гектарына 449,7 центнер өнім берді.

Судан шөбі Қазақстанның жағдайында мұнымен қатар мол тұқым өнімін береді.

Суданка көп еңбек жұмсауды талап етпейді. Агротехниканың қарапайым ережелерін қолданып колхоздар мен совхоздардың ерқайсысы-ақ одан мол және тұрақты өнім ала алады. Мұның үстіне суданка кеш егілетін дақыл. Оны топырақтың 10 сантиметрге дейінгі терең қабаты 10-12 градусқа дейін қызып, қайтадан суық болу қаупі жойылғанда егу керек.

Суданканы жақсы әзірленген және арашөптерден таза участкаларға егу керек. Бұл участкаларды ерте көктемде тырмалау, тұқым себер алдынан қазтабанды культиваторлармен культивациялау қажет. Ерте көктемде тырмалау мен тұқым себер арасындағы ұзаққа созылатын аудандарда тұқым себер алдынан культивациялауға қоса, арашөптерді құрту үшін тағы да бір рет культивациялау керек. Тұқым себер алдынан қазтабанды культиваторлармен культивациялау қажет. Ерте көктемде тырмалау мен тұқым себу арасындағы алпақтық ұзаққа созылатын аудандарда тұқым себер алдынан культивациялауға қоса, арашөптерді құрту үшін тағы да

бір рет культивациялау керек. Тұқым себер алдынан культивациялағанда топыраққа тыңайтқыштар енгізу қажет. Мұнда 3—5 тонна шірінді немесе қой көкіні, 3 центнер суперфосфат, 0,5 центнер калий тұзын алған дұрыс болады. Суданканы пішен мен көк жемшөп алу және сүрлеу үшін екен кезде аталған тыңайтқыштарға тағы да бір центнер аммиак селитрасын қосқан жақсы. Суданка әдеттегі астық сеялқалармен егіледі. Құрғақ далада әр гектар жерге 10-14 килограмнан, жауын-шашын мол аудандарда 20 килограмға дейін, суармалы жерлерде 25-30 килограм тұқым себу қажет. Тұқымдық участкаларда себу нормасын 15-20 процентке дейін кеміту керек.

Суданкаға қарақүйе түседі. Сондықтан себер алдынан тұқым формалинмен немесе гранозанмен дәріленуге тиіс. Яровизациялау тұқымның өнімділігіне қолайлы әсер етеді. Бұл тәсілдің әсіресе республикамыздың солтүстік облыстары үшін ерекше маңызы бар, өйткені ол тұқымның пісіп жетілуін жеделдетеді. Өсімдік шың мәнінде 5-6 жапырақ жайғанда егінді қатарларға жөсе-көлдөнең бағытта тырмалау қажет.

Егер суданка көктем шыққанға дейін топырақтың үстіңгі беті қабыршықтанып қалса, оны ротациялық кетпенмен, тісті малалармен немесе жеңіл тырмалармен жұмарту керек. Суармалы жерлерді бірінші рет шапқанға дейін суданка егінді екі рет бірінші жолы түптену кезеңінде, екінші жолы түптітену кезеңінде суарылады, әр шабылғаннан кейін бір екі рет суару қажет.

А. ЛУКАШЕВ,

Ауылшаруашылық ғылымының кандидаты.

мәдениеттің кейбір мәселелері

Біз еңбекшілердің мәдени дәрежесін арттыру үшін үздіксіз күрес жүргізуіміз керек. Бұл мәселені ерқашан да насихаттап отыру қажет. Рас, елімізді индустриаландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру негізінде бізде мәдени революция жасалды. Алайда бұдан мәдениет мәселелері біркелкі және түпкілікті шешілді деген ұғым өте тұмайды. Кей жерлерде, мәселен, біздің облысымыздың кейбір ауыл-селолық жерлерінде, жасыратыны жоқ, мәдениет төмен дәрежеде.

Село мәдениетін насихаттау және өркендету ісінде біздің аудандық газеттерімізге зор үлес тиеді. Олар селода социалистік мәдениетімізді арттыру жайында көптеген құнды, қызығалықты материалдарды жариялап та келеді. Мәселен, Приешім аудандық «Сталинское знамя» газеті мәдениет мәселелерін тынақты жазып отырады. «Село көркемөнерпаздарының байқауы не көрсетті» деген мақалада газет творчестволық коллектив қызметінің маңызы мәселелерін принциптілікпен қояды, кемшіліктерді сынап, ашады, оларды жоюдың жолдарын да көрсетіп береді. Газетте «Еңбекшілердің мұқтаждарына көбірек қамқорлық жасалсын» деп аталатын басмақала нақтылы және өткір берілген. Мұнда Приешім МТС-і жұмысшылар комитетінің председатели Грачев жолдастың көктемгі егісте жұмыс істеп жүрген тракторшылардың мәдени-тұрмыстық мұқтаждарына немқетті қарағаны өткір сыналды. Шынында да ауданда көптеген бригадалардың дала қостарында мәдени құралдар жеткіліксіз немесе мүлде жоқ, газет, журналдардың жаңа номерлері болмайды, кинофильмдер де қос бастарында қойылмайды. Газет бұл мәселені кезінде көтеріп, дұрыс жасады.

Мәдениет мәселелерін көтеріп отыруға «Социалистический труд» газеті де (Совет ауданы) әжептееуір жақсы араласып келеді. Газет оқушылармен әңгімелескенде де, газетте жарияланған материалдарды оқып отырып та, халық шаруашылығының барлық салаларын, еңбекшілердің мәдени дәрежесін шұғыл арттыру ісінде партия мен үкмет алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда ауданның колхозшыларына, МТС, совхоз жұмысшыларына, интеллигенциясына газет зор көмек көрсетіп отыр деген қорытындыға келеміз. Алайда, «Социалистический труд» газеті жас ұрпақтарымызды тәрбиелеуге, мектептер жұмысына, балалар мекемелерінің жұмысына байланысты материалдарды аз жариялайды.

Еңбекшілер арасындағы идеологиялық және тәрбие жұмыстарының орталығы болып табылатын мәдени-ағарту мекемелері: клубтар, оқу үйлері, қызыл мүйістер үздіксіз көбейіп келеді. Мұның өзі совет адамдарының мәдени қажеттері күннен-

күнге артып, оларды қанағаттандыру үшін зор қажырлық жасалып отырғандығының айқын көрінісі болып табылады.

Әрбір ауданда, клубта, кітапханалар, оқу үйлері және басқа мәдени-ағарту орындары бар. Мәдениет орындарының қызметкерлері январь Пленумының қарарлары жүзеге асыру және насихаттау жұмысын кеңінен өрістетті. Кәзір, көктемгі егіс кезінде, трактор, дала бригадаларында 12 үгіт-мәдени бригадалар жұмыс істеп жүр. 300-ден астам лекциялар оқылды, көптеген әңгімелер өткізіліп, саяси баяндамалар жасалды.

Міне осы мәселелерді аудандық газеттер үнемі жариялап отыруға тиіс. Аудандық газет редакцияларына бұл үшін әсіресе кәзір жағдай толық жеткілікті. МТС-терде, совхоздарда, колхозды - деревняларда интеллигенцияның үлкен ояры жұмыс істейді. Газеттер соларға арқа сүйеуі керек.

Алайда жекелеген газеттер село мәдениетін онан әрі арттыра беру мәселелерін нашар жазып жүр. Қостанай облысындағы Таран ауданы еңбекшілерінің үндеуі аудандық газеттерде ұмыт қалды, ал алынған міндеттемелердің көпшілігі кейбір жерлерде мүлде орындалмады. Булаев ауданының «Путь Ильича», Петропавл ауданының «За коммунизм», Полудень ауданының «Сталинец» газеттерінің беттерінде анда-санда «мәдени-ағарту жұмыстары ұмыт қалды», «Мәдени-ағарту жұмыстарына көп көңіл бөліңің» сияқты болып жалшылама аталатын бірсарынды, оқушыны тартпайтын, сүреңсіз материалдар кездеседі.

Аудандық газеттер колхозшы шаруалар әл-ауқатының өсуі, селодағы мәдени құрылыс мәселелеріне әлі де болса қажетті назар аудармап келеді. Мысалға аудан орталығы Соколовка селосын алайық. Мұнда көгалдандыру ісі жоқ, ағаш отырғызу жүргізілмейді, нашар жолдар жасалмайды. Село Есім өзенінің жағасына орналасқанымен, жараның тік жар болуы себепті мұнда сумен қамтамасыз ету ісі де жолға қойылмаған. Аудандық «По ленинскому пути» газеті міне осы секілді жса қажетті мәселелерді көтере алмай келеді.

Аудандық газеттеріміз жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден қорытынды жасауы керек. Өздерінің идеялық-саяси және мәдени дәрежелерін арттырып, еңбекшілермен жаңы байланысын күнбе-күн жақсартып отырып, аудандық газеттер селоның шаруашылық саяси және мәдени өмірін арттырудағы өзінің тәрбиелік зор ролін күшейте түсуге тиіс.

Е. ФЕЙГЕ,

Қазақстан КП обкомінің нұсқаушысы.

Егіс жұмысындағы кемшіліктер дереу жойылсын

Техника қуаты толық пайдаланылмайды

Ленин атындағы колхозда (Булаев ауданы) Булаев МТС-нің № 12 трактор бригадасы жұмыс істейді. График бойынша бригадада май айының бірінші он күнінде 2600 гектар ауылшаруашылық дақылдары себілуі керек еді. Бұдан іс жүзінде себілгені 150 гектар ғана. Белгіленген графиктің мұншама қанағаттанғысыз орындалуының себебі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары қуатының толық пайдаланылмауында болып отыр.

Бригадаға берілген 7 сеялқаның үшеуі өмі күнге дейін жұмысқа қосылған жоқ. Ал жұмысқа пайдаланылып жүргендерінің өзінің өнімділігі төмен. Трактор бригадасын қамтуға колхозшылар аз бөлінген. Сеялқашылар толық тағайындалмаған. Сеялқаға тұқым тиеуге арнаулы адам қойылмаған. Осының салдарынан сеялқаларға тұқым тиеу өте ұзаққа созылады. Мәселен, тракторшы Р. Сағайдақ жолдастың тракторы жуыр арада сеялқаға тұқым тиеуін күтіп үш-төрт сағат уақытын босқа өткізді. Мұның өзі нормалы 45 гектардың орнына, 34 гектар ғана алаңға тұқым себуге өкеліп сөктырды. Мұндай фактілер неғенсаяқ емес.

Бригададағы тракторлардың қуатын нашар пайдалану егіс жұмыстарының басқа да салаларында байқалады. Мысалы, нар мен зябті тырмалауда жүрген «С-80» тракторының қуатын толық пайдалану үшін кемінде 58 тырма тіркеу керек еді, бірақ оған небары 40 тырма ғана тіркелген. Осы себепті тракторшылар сменалық тапсырмаларын толық орындай алмайды, жанар майды мөлшерден артық жұмсайды.

Егер салқын қараушылықтың салдарынан тракторлар қуаты толық пайдаланылмай жұмыс өніміне бір пұқсан келсе, өзінің жағынан, тракторлардың техника-

лық жарамсыздықтары да көптеп кездесетіндіктері қынжытатындай. № 101 «ДТ-54» тракторы техникалық жарамсыздықтан үш күн бойы босқа тұр. Бұл жайды МТС директоры Лепехин жолдас жақсы біледі. Бірақ, ол сынып тоқтаған машинаны дереу жөнетіп, іске қосудың шараларын қолданбай-ақ келеді.

Мұндай жағдай осы колхоздағы № 11 трактор бригадасында да байқалады. Мұнда № 136 «ДТ-54» тракторына үш сеялқаның орнына екі-ақ сеялқа тіркелген. Соның өзінде оларға сеялқашылар жеткілікті емес. Егіс бригадасының бригадирі Сырынбетов жолдас трактор бригадасын қамтуға тағайындалған колхозшыларды басқа жұмыстарға жіберіп, егіс жұмыстарының қарқынын көріне көзге баюлатып отыр.

МТС басшылары бригаданы қажетті тракторшылармен де толықтырмаған. Әрбір трактордың екі сменада жұмыс істеуіне тракторшылар жетпейді. Сондықтан екі «ХТЗ» тракторлары жұмысқа бір-ақ сменада пайдаланылады. Сонымен бірге мұнда тракторшылардың күнделікті атқарған жұмыстарын есепке алып отыруды ескермеу фактісі де жоқ емес. Мәселен № 102 «ДТ-54» тракторымен жұмыс істейтін Қаржауов, Ыбраев жолдас-тардың бес күнінен бергі атқарған жұмысы есепке алынбаған. Олар норманы қалай орындап жүргендіктерін де білмейді.

Жақында МТС директоры Лепехин жолдас осы бригадада болды. Ол трактор қуатының нашар пайдаланылып отырғанын көрді. Не пайда, Лепехин жолдас орын алып отырған кемшіліктердің күсін болудан аса алмады, кемшіліктерді жоюға практикалық басшылық етуде өзінің дәрменсіздігін көрсетті.


Техника қуатының өлшеміз пайдаланылуы «Страна Советов» колхозында да орын алып отыр. Осы колхоздағы Дибиль-

жолдас басқаратын трактор бригадасындағы № 84 «ДТ-54» тракторы сеялқашылардың, сеялқаға тұқым тиеушілердің болмауынан 8 май күні жұмыс уақытының көбін тоқтап тұрумен өткізді. Сөйтіп, бұл күні осы трактормен небары 17 гектар жерге тұқым себілді. № 85 «ДТ-54» тракторы жер тырмалауға небары 15-ақ тырма тіршеп жүр. Дәл осындай жағдай Буденный атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін № 4 трактор бригадасында да бар. Осы бригаданың тракторшысы Грачев жолдас былай дейді:

— Мен соңғы күндері жаздық биік тұқыммен сеуіп жүрмін. Таңертең сеялқашылардың жұмысқа келуін күтіп 1—1,5 сағат тоқтаймын. Оның үстіне сеялқаларға тұқым тиеуге сайын бір сағаттан артық уақыт босқа өтеді. Осының салдарынан сменалық тапсырманы толық орындай алмай келемін. Егер сеялқашылар жұмысқа уақытылы келсе, сеялқаларға тұқым тиеуге жұмсалатын уақытты қысқартудың шаралары жүзеге асырмаса, онда бізде сменалық тапсырмаларды толық орындауға ғана емес, тіпті оны едәуір асыра орындауға да толық мүмкіншілік бар.

Грачев жолдасстың бұл сөзін біз толығынан қуаттаймыз. Егер уақытты үнемдеудің, машинаның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етудің шараларын қалтқысыз жүзеге асырса, Булаев МТС-нің барлық трактор бригадаларында еңбек өнімділігін еселеп арттыруға болады. Олай болса, МТС, колхоз басшылары осы мүмкіншілікті толық пайдалануды ұйымдастырулары керек. Сөйтіп, көктемгі егістің неғұрлым қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары сапада өткізілуі қамтамасыз етілуге тиіс.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).



Петропавл вагон депосының токарь-монтажшысы В. Поздняков еңбек өнімділігін арттыруда тамаша табыстарға жетіп жүр. Ол әр тапсырманы ай сайын 300 процентке дейін асыра орындайды.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

ЖАС ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР

Николаев қаласындағы № 3 фабрикалық- завод оқу мектебін бітірген бір топ жастар үстіміздегі жылы облысымыздың құрылыс орындарына жұмысқа келген болатын. Көзір олар құрылыс алаңдарында табысты еңбек етіп жүр.

Солардың бірі Григорий Шпеняк басқаратын комсомол- жастардың балташылар бригадасы. Бригада «Петропавловскстрой» тресі салып жатқан құрастырмалы темірбетон конструкцияларын өндіретін полигон құрылысшыларының социалистік жарысында алда келеді. Арматура цехының үйін салуда олар күнделікті нормаларын асыра орындап жүр. Мұнда, әсіресе комсомол- балташылар Владимир Смола, Николай Терновский, Анатолий Базицкийдің жұмысы көзге түсерліктей.

Комсомол- жастар бригадасы арматура цехының үйін мерзімінен бұрын, 1 июнге дейін пайдалануға беру үшін күш жұмсауда.

Концерт қойып берді

Жуырда Жаңажол жетіжылдық мектебінің (Октябрь ауданы) оқушылары село ерекшеліктеріне арнап концерт қойып берді. Концертке көптеген колхозшылар қатысты. Олар әсіресе Шекенов, Нұржаунов, Нәсімова, Ережепова сыяқты оқушылардың өншілік өнерлерін қызыға тыңдады.

Егіс даласында жұмыс істеп жүрген колхозшылар мен механизаторларға осы аудандағы Ленин орта мектебінің оқушы-

Облыс мектептері емтихан қарсаңында

Емтиханды үлгілі өткізуге дайынбыз

Коммунизмнің болашақ құрылысшылары — жас ұрпақтарды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын қорытындылайтын кезең — емтиханға санаулы-ақ күн қалды. Емтихан қорытындысы әрбір мектептің оқытушылар коллективінің оқушыларды оқыту және тәрбиелеу жолында жүргізген біржылдық жұмыстарының көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да Приешім ауданындағы Октябрь жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективі ата-аналар комитетімен бірлесе отырып, кластан класқа көшіру сынақтары мен емтиханға дайындық жұмыстарын ерте бастап қолға алып, ұйымшылдықпен жүргізді.

Емтиханға әзірлену тек оқу жылының аяғында ғана жүргізілетін маусымды науқан емес. Сондықтан да біз оқу жылының басынан бастап белгіленген оқу программаларының сапалы түрде өтілуіне, әрбір оқушының оны терең және жан-жақты меңгеруіне қатты зор салып отырдық. Бұл салада, әсіресе тіл, математика сабақтарының жазба жұмыстарына және көңіл бөліп, оқушыларға политехникалық жүйелі білім берудің жолдарын ерте бастап қарастырдық. Сол сыяқты класқа өтілетін әрбір пәннің практикалық іспен тығыз байланысты болуына жетісудің зор маңызы бар. Мектептің оқытушылар коллективі бұл аса қажетті жұмысқа баса назар аударып отырды. Бұл жұмыстарды ойдағыдай жүзеге асыру мектепте балалардың оқу үлгерімі дәрежесін арттыруға, оқу жылының алғашқы кезеңінде кездескен кемшіліктерді дерезінде жоюға мүмкіншілік берді. Мәселен, біздің мектепте бірінші топсаңда 19 бала сабақ үлгері алмаған еді. Ал, үшінші топсаңаның аяғында соның 13-і үлгерушілер қатарына қосылды.

Мектептің оқытушылар коллективі үшінші топсаңаның қорытындысына арналған педагогикалық советте кластан класқа көшіру сынақтары мен емтиханға дайындық туралы арнаулы мәселе көтерді. Бұл педагогикалық советке оқушылардың ата-аналары да қатыстырылған еді. Оқытушылар ата-аналармен бірлесе отырып, оқушыларды емтиханға ойдағыдай әзірлеудің нақтылы жұмыс жоспарын белгіледі.

Бізде емтихан бөлмесі апрель айының екінші жартысында-ақ жабықталған болатын. Бұл бөлмені оқытушылар сынақтар мен емтиханға қажетті математика, физика, биология, орыс тілі мен әдебиеті және қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша көрнекі ағуалдармен жабықтады. Сол сыяқты, оқушылар үшін консультация өткізудің арнаулы кестесі жасалып, бұл консультациялар жанаңай клас бойынша емес, пән мұғалімдерінің және

жүргізудің жолдары көрсетілген кеңес, емтиханға дайындық және оны өткізудің мектеп бойынша жасалған іс жоспарының көшірмесі, түрлі пәндерден оқушылар үшін консультация өткізетін және мектеп бойынша кезекші болатын оқытушылардың тізімі, сол сыяқты емтиханға дайындық жұмыстарының барысы жазылған мектептің «Отличник», «Алға» қыбыра газеттері жыйнақталған. Емтиханға дайындық кестелері және емтиханға дайындық жұмыстары жөнінде кеңестер басылған газет мақалалары ілінген витрина да осында орналастырылды.

Емтиханға дайындық кезінде оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасаудың ерекше мәні бар екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан біз ата-аналарды өз балаларының сабақ үлгерімімен күн сайын дерлік таныстырып, оқушылардың емтиханға ойдағыдай даярлануы үшін қандай қажетті жағдайларды жасау керектігі туралы өңгіме өткізіп отырамыз. Бұған қосымша мектепте емтиханға дайындық кезінде өз балаларының ойдағыдай жұмыс істеуіне үлгілі түрде көмектесіп отырған немесе бұл жұмысқа мүлде мән бермей отырған ата-аналар туралы жазылған «Мектеп және семья» атты қыбыра газеті жүйелі түрде шығып тұрады.

Мектептің оқытушылар коллективі емтиханға дайындық жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізіп отырады. Біз емтихан билеттері мен қосымша материалдарды 15 апрельге дейін даярлап бітіріп, олармен оқушыларды таныстырдық. Өткен программаларды қайталау және пысықтау жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіледі. Бірақ біз бұл жұмыстарды емтихан билеттері бойынша емес, программа бойынша жүргіземіз. Бұл жағдай оқушылардың программаны жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Мектеп оқытушылары Байқанов, Хамзин, Гумеров жолдасстар емтиханға дайындық кезінде сабақты нашар үлгеруші оқушылармен және консультациялар ұйымдастыру жұмыстарын ойдағыдай өткізіп жүр.

Емтиханға дайындық кезінде оқушылардың ойдағыдай, мәдениетті түрде дем алуына жағдай жасаудың және олардың демалыс уақытын көңілді өткізуін ұйымдастыруға баса көңіл бөлу керек. Өйткені оқушылардың демалыс уақыты ойдағыдай өткізеуі олардың сабаққа дайындалуына керісінше әсер етеді. Сондықтан біз оқушылар үшін демалыс кештерін, спорт ойындарын ұйымдастыру мәселелерін естен шығармаймыз. Сонымен қатар оқушыларды бос уақыттарында еңбекке баулу жұмыстарын да жүргізіп отырамыз.

ЕКІ АГРЕГАТТЫҢ ЖАРЫСЫ

Бағанов атындағы колхозда (Совет ауданы) тракторшы Шрам және Навока жолдасстар басқаратын агрегаттар 9 майдан бастап дәнді дақылдар тұқымын себуге кірісті. Бұл екі агрегаттың мүшелері «ДТ-54» тракторына тіркелген үш сеялқамен смена сайын кемінде 50 гектар алаңға тұқым себуге міндеттеме алып, өзара социалистік жарысқа түскен. Механизаторлар мен сеялқашылар алған міндеттемелерін орындау жолында аянбай еңбек етіп жүр.

Алғашқы бес күн ішінде Шрам жолдас орта есеппен алғанда смена сайын 71,4 гектар алаңға тұқым себті. Тіпті кей

Картоп пен овощ молшылығы үшін күрес жок

Калинин атындағы колхоз (Петропавл ауданы) қала маңына жақын орналасқан колхоздардың бірі. Сондықтан мұнда картоп пен овощ дақылдарын өсіруге ерекше мән беріліп, олардың көлемі жылдан-жылға ұлғайтылып келеді. Өткен жылдың өзінде ғана колхоз 58 гектар картоп, 23 гектар овощ екті.

Колхоздың егістік алаңының құнарлылығы, судың молдығы картоп пен овощтан мол өнім алуға қолайлы. Оны өткен жылы айқын көрдік. Колхоз тек овощтың өзінде 37, 5 мың сом пайда тапты. Бірақ мұның колхоздың мүмкіншілігінен

сетілгеніндей, мұнда өткен жылдың өзінде 58 гектар картоп отырғызылған еді. Бірақ оның көлемінің молдығы болмаса, өнімінің мол болуы ойластырылмады. Бұл істі тікелей басқарған Кужилин, Сәттібаев жолдасстардың өдері агротехниканы толық сақтамады. Алдымен картопты шаршы-ұялап отырғызу ісі үлгілі түрде жүргізілмеді. Оны бұл жолдасстардың «картоп отырғызғыш машинаның болмауынан» деп дәлелдегісі келеді. Бұл қате. Колхозда картоптың тең жарымы маркерлен барып қолмен отырғызылса, тең жарымы «СРГ-4» картоп отырғызышымен

сменада көрсеткіші 80 гектарға дейін жетті. Ал, оның сменашысы Д. Мервер сменалық орта көрсеткіші 65,8 гектарға жеткізді.

Бұлардан С. Навока жолдас басқаратын агрегат та қалысқан жоқ. Аға тракторшы Советий Максимович Навока бес сменада 374 гектар жерге тұқым сеуіп, басқаша айтқанда орта есеппен смена сайын 74,8 гектар алаңға тұқым сеуіп отырды. Оның сменашысы Рудий жолдас та сменалық тапсырмасын үнемі асыра орындаумен келеді.

Жарысушы агрегаттар әрбір сменадан кейін жұмыстың барысын қорытындылайды. Жұмыс үстінде кездескен кемшіліктерді сынайды және оны қайталамаудың шараларын белгілейді. Осының нәтижесінде тракторшылар күн сайын жоғары көрсеткіштерге жетісіп келеді. Соңғы күндері Шрам, Навока жолдас сменалық көрсеткіштерін 85 гектарға жеткізді.

С. ТЕМІРБАЕВ.

төмен көрсеткіші екенін колхоз басқармасы да, овош өсірушілер бригадасы да білді.

Міне, осы кемшіліктерді жоюды, овоштан жоғары өнім алуды қамтамасыз ету үшін овош өсірушілер бригадасы үстіміздегі көктемге жақсы әзірленді. Бригада 31 гектар овош отырғызады. Бұл алаңға қажетті тұқым көшетке отырғызылып, парниктерде өсірілді. Бригадада 21 парник бар. Тәжірибелі овош өсіруші А. Отрадинова, Е. Наглова және Г. Кужилина жолдас парниктерге су құйып, температурасы жоғары парниктердің қызуын төмендетіп отырады. Парниктерге көшеттер 10 майға дейін түгел отырғызылған. Бір қуанарлық көрсеткіш, колхозда үстіміздегі жылы капуста мен помидордың ерте пісетін сорттарының көлемі бұрынғыдан әлдеқайда арттырылғалы отыр. Бәзір өсіріліп тұрған көшеттердің 17 парниктегі осы сортты овоштар.

Овош өсіру жұмысында осындай әзірлік болғанымен колхоз картоп өсіру ісін жылма-жыл бетімен жіберіп келе жатқандығы байқалады. Жоғарыда атап көр-

отырғызылды. Арнаулы картоп отырғызылған себілген алаңды қоса есептегенде, картоптың әрбір гектарынан орта есеппен 26 центнер ғана өнім алынды. Ал жошпар бойынша 100 центнер өнім алынуы тиіс еді. Осындай жұмыстың сапасыз, өнімнің аз болуы салдарынан колхоз картоптан небары 1635 сом ғана табыс алды.

Осы жағдайды колхоз бйылы да қайталағалы отыр. Өйткені мұнда әлі қажетті картоп тұқымды даяр емес. Шамамен 900 центнердей тұқым жетпейді. Колхоздағы Асанов МТС-нің агрономы Головицкий жолдас:

—Жетпеген тұқымды колхозшылардан сатып алғалы отырмыз, — дейді.

Бәзір ауа райы жұмысқа ерекше қолайлы. Топырақ қызып, дақылдың қандай түрін болсын себуге болады. Облысымыздың бірқатар колхоздары картопты да отырғызуға кірісе бастады. Сонда Калинин атындағы колхоздағылар қашанға дейін тұқым жыйнастырумен отырмақ.

С. БЕЙСЕНБАЕВ.

**К. ҚАЖЫКЕНОВ,
Б. ЖАПАРОВ.**

Радиоқабылдағыштары бар

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың колхозшыларының материалдық әл-ауқаты күн санап жақсарып келеді. Колхозшылар еңбеккүнге алған табыстарына велосипед, мотоцикл, радиоқабылдағыштар сатып алуда. Бәзір 13 колхозшының үйінде радиоқабылдағыш, көптеген колхозшылардың мотоциклдері мен велосипедтері бар.

М. СЫЙБАНБАЕВ.

Пішен шабуға әзірлік

Суворов атындағы МТС-тің механизаторлары қажетті егіс жұмыстарымен қатар мал азығын дайындау маусымына әзірлікті де қызу жүргізуде. Олар бәзір 61 өзілінен жүретін және ШК кең алымды шөп машиналарын толық жөндеуден өткізді.

А. СӘКЕНОВ.

Адамовтың «Екі мұхиттың құпиясы» тағы басқа әдебиеттер бар.

—Аня, бүгін «Молодой колхозник» журналының төртінші номері келді ме? — деп сұрады Рая. Ол колхоздағы жүгері өсіру жөніндегі комсомол-жастар звеносын басқарады. Бұл журналдың жаңа номерінде жас жүгері өсірушілерге көмек ретінде мақала басылған екен.

Мандрыгинадан қарт колхозшы Эдуард Федорович Вестов та қалыспайтын көрінеді. Ол да жыл басынан бері 20-ға жуық түрлі кітаптар алып оқыпты.

—Бәзір кітапхананың 166 кітап оқушысы бар, — дейді Анна, — кітап оқушылардың талабына сай кітабымыз да көп: 3 мың данадан астам саяси, көркем әдеби және ауылшаруашылық әдебиеттеріміз бар. Кітап қоры үздіксіз толықтырылып отырылады. Тек үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында ғана жарты мың сомның түрлі кітаптарын сатып алдық.

Жас кітапханашы Дедикова комсомол ұйымымен және колхозшы жастармен бірлесіп отырып, оралуан жұмыстар жүргізеді. Ол басқарған көркемөнерпаздар үйірмесі жуырда Красный Октябрь селосында үлкен концерт берді. Концерт программасында Е. Кравченконың «Осы кезеңде» атты пьесасы, совет композиторларының әндері бар-ды. Апрель айында клубта «Совет жастарының рухани бейнесі» деген тақырыпта жастар кеші өткізілді. Онда П. Эвальдтың «Наталья Зотованың моралі» атты пьесасы қойылды, түрлі ойындар ойналды.

Анна Дедикова бытырғы оқу жылында Соколовка орта мектебін бітірген болатын. Орта мектепті бітірісімен мәдени-ағарту мекемесінде жұмыс істеу, ауыл

шаруашылығы еңбекшілерін мәдени қамту оның көптеген арманы еді. Мемлекеттік емтиханды аяқтап, көмектестік аттестатты қолына алғанда Аня өзінің осы ойы жүзеге асқандай сезінді.

—Кітапханашы боламын, — деп түйді ол.

Шыңдығында да, ауыл шаруашылығын шұғыл арттыру жолында басталған ұлы күрестің қызу кезеңінде бұл іптілікті істеп сырт қалуды Аня бойына ар көргенді. Колхоз даласында қажырлықпен еңбек етіп жатқан егіншілер мен механизаторлардың мәдени тілегін қанағаттандырып, оларға партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығын өркендету жолында жүргізіп отырған саясатын түсіндіру — әрбір совет интеллигенті үшін абыройлы мәртепе де есептеді ол.

Аудандық мәдениет бөлімі комсомолдың ынталы тілегін қанағаттандырды. Сөйтіп оны Больше-Малышка селосының кітапханасына кітапханашы етіп тағайындады. Содан бері бір жыл да уақыт өткен жоқ. Соның өзінде ақжарқын, ашық, кішіпейіл Аня колхозшылардың құрметіне не болды.

—Біздің сүйікті кітапханашымыз, — дейді олар мақтана сөйлеп. Колхоз жастары Анна Дедиковаға зор сенім білдіріп, комсомол комитетінің мүшелігіне сайлады.

—Мен өзім қалап алған ісімді жақсы көремін, — дейді Анна, — алдағы уақытта мәдени-ағарту қызметкері деген лайықты атаққа сай жұмыс істеп, колхозшылар арасындағы саяси-мәдени ағарту жұмыстарын кешінен өрістетіп беремін.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

бойынша белгілі тақырыптарда өткізіліп отырды. Бұл жаңдай әрбір оқушының өздері нашар меңгерген тақырыптарды толық және жете түсінуге көмектесті.

Сонымен бірге біз мектепте «Емтихан бұрышы» ұйымдастыруды да естен шығарғамыз жоқ. Мұнда оқушылардың емтиханға даярлану кезінде уақытты пайдалану кестесі және оқушылардың емтиханға даярлықты неден бастап, қалай

тиві оқушылардың ата-аналарымен тығыз ынталықтаса отырып, кластан класқа көшіру сынақтары мен емтиханға дайындық жұмыстарын үлгілі түрде жүргізуде. Мұның өзі біздің 1954—1955 оқу жылы мектеп бойынша ойдағыдай аяқтауымызға мүмкіншілік береді.

**М. ОРАЗАЛИН,
Приешім ауданы, Октябрь жетіжылдық мектебінің директоры.**

Мектептің емтиханға әзірлігі

Емтихандардың нәтижелі өтуі негізінен мұғалімдердің программалық материалдарды өту және қайталау істерінің ойдағыдай ұйымдастырылуына, сонымен қатар, емтихан билеттерінің және оларға қосымша материалдардың дұрыс құрастырылуына байланысты.

Фурманов атындағы жетіжылдық мектептің мұғалімдері 5-6 кластарда өтетін ауызша емтихандардың билеттерін, оларға қосымша материалдарды ерте дайындап, оларды мектептің пән комиссияларында талқылады. Бұл жұмыс кейбір формулировкасы дұрыс құрылмаған және қосымша материалдары анық емес сұрақ билеттерін дұрыстауға көмек көрсетті. Мұнда билеттердің оқушылар ұғымына жеңіл болып, оқу программасының басты-басты тарауларын толық қамту еске алынды.

Мектептегі қайталау тек қана өткенді жай ғана қайталау болмай, практикалық дағдылармен тығыз байланысты өткізілуіне ерекше көңіл бөлуі қажет етеді. Грамматиканың ережелерін қайталауда оқытушы Копшева жолдас оқушылар әрбір анықтаманы тек құрғақ жаттап алмай, оларды практикалық жұмыстарда — сөйлемдерді талдауда, жазу жұмыстарының барлық түрлерінде пайдалана білуге жаттықтыруға көңіл бөледі. Әдебиет сабақтарында да оқушылардан көркем шығармалардан үзінділер жаттап, оны әдебиет теориясының анықтамаларымен байланыстыру, мазмұндауды сауатты жазу талап етіледі.

Математика сабағынан қайталау жұмысы оқушыларды жай есептер мен мысал есептерді шығаруға және ойша есептеуге

Мектеп мастерскойы

Ленин орта мектебінде (Октябрь ауданы) оқушылар мастерскойы бар. Онда оқушылар қолөнер ісіне үйренеді. Стол, орындық және басқа заттарды істеп шығарады. Мастерскойдегі қолөнер үйірмесін ағаш шебері Ш. Пасажирцев жолдас басқарады.

Оқушылардың күшімен мектеп жанынан спорт алаңы жасалды. Онда волейбол алаңдары, спорт жолдары және басқа спорт жабдықтары бар.

**А. ЕШКЕНОВ,
Б. ЫСҚАҚОВ,
К. РӘШИТОВ.**

төселдіруге бағытталады. Ал, география, тарих пәндерінен оқушылар негізгі материалдарды толық қайталаумен бірге карта, компас бойынша төңіректі бағдарлай білуге дағдыланады.

Біздің мектебімізде жаратылыс тану, ботаника, зоология пәндерінен қайталау сабақтары мектеп жанындағы тәжірибе алаңында өткізіледі. Мұнда 5-6 класс оқушылары егілген өсімдіктердің өңіштігін олардың қоректену процестерін, топырақ құрылысын, жылудың, жарықтың, минералдық заттардың, өсімдіктердің тіршілік етуіне тигізетін әсерін зерттейді. Бұл жұмысты биология пәнінің оқытушысы М. Черная жолдас ұқыптылықпен ұйымдастырып жүр.

Мектептегі емтихандарға дайындық жұмысы кезінде оқушылардың ата-аналарымен байланысы өдәуір жақсарды. Олардың балаларының күнделікті дайындығы туралы оқытушылар үнемі хабарлап отырады.

Емтихан кезінде сабақты үлгермеуші оқушылармен жеке жұмыс жүргізу ісі кең қолданылып отыр. Ондай оқушылармен жұмыс жүргізу жөнінде педсоветте белгіленген кластан тысқары шараларды мұғалімдер ұқыптылықпен іске асырып келеді. Мектепте жазғы емтиханды ойдағыдай аяқтау үшін қажырлықпен еңбек етіп, барлық оқушылардың келесі класқа көшуін, жетінші класс оқушыларының түгелдей мектепті бітіруін қамтамасыз етудеміз.

**С. МУРАШАН,
Петропавл ауданы, Фурманов атындағы жетіжылдық мектептің оқытушысы.**

Туған колхозға көмек

Жамбыл атындағы колхоздағы (Петропавл ауданы) жетіжылдық мектептің оқушылары туған колхозының шаруашылық жұмыстарына үнемі көмектесіп отырады. Олар өздерінің сабақтан бос кездерінде 75 гектар алаңға жетерліктей жүгері тұқымын әзірледі. Сол сыяқты, картоп тұқымдарын әзірлеуге көмектесті, колхоздың овош өсірушілеріне 5 парник рамын жасап берді. Жоғарғы кластардың оқушы қыздары балалар яслиін жабдықтауға қатысты.

Ғ. ЫРСАЕВ.

Кітапханашы қыз

Дөңгелене өскен екі шоқпа араптың арасынан өткенде көктемгі самал желге қоңырқай шашы толқынданып, пысық басып келе жатқан қызды қос басындағылар бірден таныды. Түскі тамақ ішуге әзірленіп, беті-қолдарын жуып жатқандардың ішінен біреуі:

—Ая біздің Аня келе жатыр, жігіттер, — деп айқайлап та жіберді тіпті.

—Сумкасы қомақты көрінеді, сіре, кітабы көп болса керек, — деп қуанды екіншісі.

Қосқа жетісімен әлгі қызды механизаторлар мен егіншілер жағалай қоршап алды. Бұл Больше-Малышка селолық кітапханашының кітапханашысы комсомолка Анна Дедикова еді. Біреулері газеттердің жаңа номерлерін сұраса, екіншілері оқылған кітаптарын алмастырып жатыр.

—«Комсомольская правда», әкеңнің бе?...

—Олесь Гончардың «Таврия» романын оқығым келеді...

—Маған Мұқановтың «Ботагөзін» берші...

Жұмыс арасында Аня да кейбір жігіттерге қалжың сөздер айтып қояды.

—Шолоховтың «Бөтерілген тыңы» оқыйын деп едім, бар ма сенде? — жегін тракторшы Иосиф Навкевичтің сұрағын ол:

—Сен ана жолы келгеніңде ылғал кәбуда норманды орындай алмай жүр едің ғой, қалайсың көзің. Егер нәтижең сондай болса ол кітапты басқаға беремін, әкеңдім, — деп қойды.

—Норманы орындап жүрмін, — дәуін

ҚОС БАСЫНДАҒЫ КОНЦЕРТ



Явленка селосының солтүстік-шығыс жақ беткейіндегі айқын далада қажырлы еңбектің дабылды үні шықпалы көп уақыт өткен жоқ. Көктем кешімен көріктенген көгалды даланың төсінде алып тракторлардың адуынды үндері атралса естіліп, плуг түренімен төңкеріліп түскен құнарлы қыртыс қара барқыттай құлдырады. Қыйырына көз жетпес көлемді алқантаң төрінде қожалық еткен механикаторлардың жарқын жүздерінен де осы табысты еңбектің ертеңгі жемісі көрінгендей. Бұлар— Ленин ауданындағы Образцовая машина-трактор станциясының озат механизаторы—Михаил Редькин басқарған трактор бригадасының мүшелері еді.

Озат трактор бригадасында бүгін жүн батар алдында қайнаған еңбек дабылы бір мезет толастағандай болды. Бірақ бұл толас қанықпаған көзді алдайтын аз аялды үнсіздік еді. Өйткені бұл шақ түнгі еменің ата-танушылардың күндізгі кезекшілерден машинаны қабылдап жатқан кезі болатын. Осы бір болмашы аялды күткендей Явленка селосы жағынан адуын жүріспен ағызып келе жатқан жүк машинасы да көрінді. Машина моторының үнін баса сазына келе шыққан гармонь үнімен шырқай салған өң де келіп жетті тракторшылар қосына.

—Жігіттер, жыйналыңдар, біздің өнерпаздар да келіп қалды,—деп айтай салды бригадир Михаил ән иелерін алыстан танып.

Шынында да бұл көңілді думан иелері аудандық мәдениет үйінің мәдени-үгіт бригадасының мүшелері болып шықты. Құрамында 10 адам бар

рына орналасқан вагоншаның іші де концерт қою үшін оншалықты ыңғайлы емес. Бірақ бұл «қыйыншылық» мәдени-үгіт бригадасының мүшелерін қиыңытқан да жоқ. Бұл «қолайсыздықтан» құтылу жолын олар ерте ойластырыпты. Манағы өздері отырғып келген жүк машинасының күзовы арнаулы тақтайлардың көмегімен тап-тамаша сценаға айналдырылды. Кабинаның сыртқы қабырғасына арқасын сүйей бригаданың көркемдік жағын басқарушы Блаус сан баспалы баянның дырғай тартып жөнелгенде жел аяқшы бишілердің музыка ырғағына сай билері механизаторларды билеп алды. Қолдан жасалған сцена терінде орындалған би бірден жан жүйені толқытарлық әсем әнмен, бірдешек-сілені қатырарлық күлкілі әңгімемен ауысты. Мәдени-үгіт бригадасының мүшесі, аудандық өндіріс комбинатының тігіншісі Пащенкова салған ән әуенді сазымен механизатор ойын толқытса, «Заготзерно» қызметкері Щербинина орындаған «Витаминчик» атты әңгіме оларды күлкіге бұлықтырды. Трубицинаның «Манечка мен орманшы» атты күлдіргі өлеңінен туған көңілділік концерт конференсьелері Коннов пен Корниенконың орындауында ызалы мысқыл сезімін тудыратын номермен кезектесті.

Қас қарап бастаған көңілді концерт түннің біразына дейін созылды.

Көктемгі егіс кезінде ауданның 10 колхозында 30 концерт көрсету—аудандық мәдениет үйінің мәдени-үгіт бригадасының көктемгі дала жұмыстары кезіндегі жұмыс программасы. Ал, ауданның егіншілері мен механизатор-

„Халықтар арасында бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ халықаралық Сталиндік сыйлықтар жөніндегі комитетте

ФРАНЦИЯНЫҢ ҚОҒАМ ҚАИРАТКЕРІ АЛЕН ЛЕ ЛЕАПҚА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАЛИНДІК СЫЙЛЫҚ БЕРУ

14 майда Кремльде, Свердлов залында, Францияның Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары Аллен Ле Леапқа халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды.

Сыйлықты берген кезде астананың кәсіподақ актив, Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің мүшелері және басқа қоғам ұйымдарының өкілдері болды. Залда мұнымен қатар кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясы атқару бюросының кәзіргі уақытта Москвада өткізіліп жатқан сессиясына қатысушылар да болды.

Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты Аллен Ле Леаптың, халықаралық Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитеттің председателі академик Скобельцынның, кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының бас секретары Луи Сайяның, Бүкіл дүниежүзілік федерациясының секретары Лю Цзы-цзюдің, Бүкіл дүниежүзілік кәсіподақтар конгресінің бас секретары, кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының вице-председателі С. А. Дангениң, Ерікті неміс кәсіподақтары бірлестігінің председателі кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының вице-председателі Герберт Варкенің, Куба еңбекшілері конфедерациясының бас секретары, кәсіподақтарының Бүкіл дүниежүзілік федерациясының вице-председателі Ласаро Пеньяның және халықаралық жұмысшы қозғалысының басқа қайраткерлерінің президенті Ален Ле Леаптың құрметіне президентінің құрметіне қарсы алды.

Салтанатты ашып, академик Скобельцын бұл оқиғаның ерекше маңыздылығын атап көрсетті. Сталиндік бейбітшілік сыйлығы жұмысшы табының өкіліне беріліп отыр.

Академик Скобельцын Сталиндік бейбітшілік сыйлығы лауреатының дипломы мен алтын медалін тапсырған кезде залдағылар біркәсідей құрмет білдіріп, Француз жұмысшы табының аса көрнекті өкілі Аллен Ле Леапты құттықтады.

КВООС председателінің орынбасары Л. Н. Соловьев жолдас Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті председателінің орынбасары профессор З. А. Лебедева сөз сөйлеп, Аллен Ле Леапты қызу құттықтады. Москва еңбекшілері атынан Москва Сортировочная станциясының аға машинисі В. Г. Блаженев сөз сөйлеп, Аллен Ле Леаптан француз жұмысшыларына олардың совет жолдастарынан туысқандық сәлем тапсыруды өтінді.

Мәңбеле кәсіподақтарының Бүкіл дүниежүзілік федерациясының бас секретары Луи Сайян. Ол лауреаттың өткен өмір жолын, оның жұмысшы қозғалысы қата-

Венада Австриямен Мемлекеттік ДОГОВОРҒА ҚОЛ ҚОЮ

ВЕНА, 15 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін орта еуропалық уақыт бойынша таңертеңгі 11 сағат 30 минутта Бельведер сарайының арамор залында Совет Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Францияның және Австрияның өкілдері Австрияның тәуелсіз және демократиялық мемлекет ретінде қалпына келтірілуін кездейтің Австриямен Мемлекеттік Договорға қол қойды.

Договорға Советтік Социалистік Республикалар Одағынан—Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов пен ССРО-ның Австриядағы Елшісі И. И. Ильичев; Великобритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінен—Сыртқы істер министрі Г. Макмиллан мен Англияның Австриядағы елшісі Д. Уолингер; Америка Құрама Штаттарынан—мемлекеттік секретарь Д. Даллес пен АҚШ-тың Австриядағы елшісі Р. Томпсон; Француз Республикасынан—Сыртқы істер министрі А. Пинэ мен Францияның Австриядағы уақытша елшісі Р. Жалуэт; Австрия Республикасынан Сыртқы істер министрі Л. Фиэль қол қойды.

Договорға қол қойған Австриямен Мемлекеттік Договорды қарап, оған қол қою үшін шақырылған генерал-лейтенанттар төрт держава мен Австрия делегацияларының барлық мүшелері болды.

Договорға қол қойған кезде Австрия Республикасының Канцлері Ю. Рааб және Австрия үкіметінің басқа мүшелері болды.

Договорға қол қойылғаннан кейін ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов сөз сөйледі:

Великобританияның Сыртқы істер министрі Г. Макмиллан, АҚШ-тың мемлекеттік секретары Д. Даллес, Францияның Сыртқы істер министрі А. Пинэ және Австрияның Сыртқы істер министрі Л. Фиэль қысқаша сөз сөйледі.

Қол қою салтанаты біткеннен кейін В. М. Молотов, Г. Макмиллан, Д. Даллес, А. Пинэ, Австрияның Канцлері Ю. Рааб, Вице-Канцлер А. Шерф және Австрияның Сыртқы істер министрі Л. Фиэль сарайдың паркіне және оған жақын көшелерде жыйналған Вена тұрғындары Бельведер сарайының балконынан құттықтады.

Договорға қол қойған державалар өкілдерінің сарайдың балконына келуіп Австрия астанасының ондаған мың азаматтары қуанышты овадия жасап, қошемет көрсеткен сөздермен қарсы алды.

Совет офицерлерін Австрия үкіметінің наградтауы

ВЕНА, 14 май. (СОТА). Венадың баспасөзі көрнекті орындарға мынадай хабар басты: кеше Федеральдық Канцлер Рааб бір топ совет офицерлерінің өткен жылғы июльде болған су тасқыны кезінде Австрия халқына орасан зор көмек көрсеткені үшін оларға Австрия үкіметінің наградalarını тапсырды.

Наградалар тапсыру кезінде совет жағынан ССРО-ның Австриядағы Елшісі және Жоғарғы Комиссары И. И. Ильичев, Жоғарғы Комиссардың орынбасарлары В. М. Краскевич, генерал-лейтенант И. И. Бойков және генерал-майорлар В. М. Вавилов пен С. С. Черниченко болды.

Австрия жағынан ішкі істер министрі Гельмер және Федеральдық Канцлер кеңесінің жауапты қызметкерлері болды.

Совет офицерлеріне наградалар тапсырып, Канцлер Рааб былай деп мәлімдеді: «Мен Федеральдық президенттің атынан сіздерге Австрия Республикасының

наградalarını тапсыруды ерекше қуанышты оқиға деп санаймын. Өткен жылғы стихиялық апатпен байланысты сіздердің өздеріңіз өз әскерлеріңізбен бірге Австрия халқына орасан зор көмек көрсеткеніңіздер. Сіздер өз күштеріңізді аямай жұмсап, келдей адамдардың өмірі мен мүлкі сақтап қалуына көмектестіңіздер. Мен сіздердің қымылдарыңыз үшін және сіздердің еңбектеріңіз үшін наградалар тапсыруды өзімнің борышым деп санаймын».

Бұдан кейін Канцлер Рааб Тульниң коменданты полковник С. Е. Георгиевскийге «зор құрметтің алтын белгісін»; капитан А. С. Панчукке «құрметтің күміс белгісін»; аға лейтенанттар В. Н. Ищенкоға, В. И. Кобозевке, Б. А. Смирновқа және капитан А. В. Тихоновқа алтын белгілер тапсырды.

Наградталғандардың атынан полковник Георгиевский Канцлер Раабқа және Австрия үкіметіне берген наградалары үшін адығы айтты.

Дүниежүзілік екінші соғыстың американ ветерандары Москвадан жүріп кетті

Дүниежүзілік екінші соғыстың американ ветерандары — Эльбада бол-

музыка театрында қойылған Чайковскийдің «Аяқу келі» балетін көріп, митро-

БҰРЫНҒЫ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ, ҰЛТТЫҚ ЖҰЙНАЛЫС ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ СЕНАТОРЛАРДЫҢ СОВЕТ ОДАҒЫНДА БОЛҒАН ФРАНЦУЗ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАСШЫСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 14 май. (СОТА). Совет Одағының Ұлы Отан соғысына қатысқан бұрынғы партизандардың бір тобының шақыруы бойынша ССРО-да болған бұрынғы қарсыласу қозғалысы, ұлттық жыйналыстың депутаттары және сенаторлар делегациясының кейбір мүшелері Парижға қайтып орады. Делегацияның басшысы Франция министрлер советінің бұрынғы вице-председателі Франсис Гэ Орли аэродромында мәлімдеме жасады, онда, атап айтқанда, былай делінген:

Француздардың Советтік Россияға айнымас сүйіспеншілікпен қарап отырғаны менің бұл сапарға барған 15 әріптесімнің куәлендіріп беруге бақытты екеніне мен сенемін. 1945 жылы қол жеткен кесті қамтамасыз ету үшін Россияның соғыста орасан зор күш жұмсағанын біз еш уақытта да ұмытпаймыз.

Біз Маршал Булганиннің біздің елшіміз Жокспен ұзақ уақыт жасаған әңгімесінен кейін келесі күні және Венада Австрияның Мемлекеттік Договорына қол қоятын төрт сыртқы істер министрлері кеңесінің қарсаңында Москвада болғанымызға қуандық.

Біздің Москвада болған кездесулеріміз келіссөздер жүргізу үшін қолайлы жағдай тудыруға көмектеседі деп сенеміз. Біз өте зор жауапкершілік жүктеп отырған мемлекет қайраткерлерінің коллективтік халықаралық системасын құру туралы келісуін сөйтіп, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірден-бір құралы болып табылатын дәйекті және бақыланатын қарусыздандыруға жол ашуын жан-тәнімізбен тілейміз».

ФРАНЦУЗ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ВДР-дің ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ СУ ЖӘНЕ ҒАУЕ КЕҢІСТІГІН БҰЗУЫ

ПЕКИН, 11 май (СОТА). Синьхуа агенттігі Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына сүйеніп отырып, былай деп хабарлайды: Вьетнам Халық армиясы Вьетнам Демократиялық Республикасының территориялық су және өзе кеңістігін французлардың бірнеше рет бұзып қарсы француз одағы қарулы күштерінің жоғарғы командованиясына наразылық тапсырды. Наразылықта мынаны атап көрсеткен: бұл сыяқты әрекеттер өткен жылғы 10 ноябрьде келісілген Женева келісімі мен ережелерін бұзғандық болып табылады.

Аралас комиссиядағы Вьетнам Халық армиясы жоғарғы командованиясы делегациясының басшысы генерал Ван Тьен Дунг француз одағы қарулы күштерінің жоғарғы командованиясының атына 7 майда жолдаған нотасында былай деп мәлімдеген: кейбір қақтығыстар Нго Динь Дем агенттері Женева келісімінің бұ-

Бұл өнерпаздар аудандық мәдениет үйінің директоры Қорлат жолдастың басшылығымен өздерінің көктемгі егіс маусымындағы алғашқы концерттерін озат механизаторлардың қосында көрсету үшін бүгін аудан орталығын шыққан екен.

Дада қосында қажырлы еңбек иелеріне көрсетілетін концерттің өзінше ерекшелігі де, қызыншылығы да бар ғой. Көркемөнерпаздар үшін бұл арада жақсы жабдықталған сценасы немесе сахнасы бар үй жоқ. Ағаш бауы-

лары көктемгі егіс 3-10 күн ішінде аяқтауды белгілеп отырған жағдайда олардың бұл программаны орындау үшін қажылықты күш салуы керектігі өзінен өзі белгілі. Сондықтан да болу керек, мәдени-үгіт бригадасының мүшелері көп кешікпей-ақ Редькиннің бригадасынан аттанып, Покровка селосының егіншілері еңбек етіп жатқан бригадаға бет алды.

Явленка мәдениет үйі көркемөнерпаздарының алғашқы концерті осылай өтті.

Колхоздарда кино көрсету ісі жақсартылсын

(Тілші хаттарына шолу)

Біздің елімізде кино партиямыздың қолындағы халқымызды коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде ерекше маңыз алатын негізгі идеологиялық құралдардың бірі. Еңбекшілер кино көру арқылы елімізде күн сайын болып жатқан ұлы өзгерістер мен, ғылым мен техниканың тамаша табыстарымен, еңбек озаттарының жаңалықтарымен танысып отырады.

Облысымыздың көптеген аудандары колхоздарының бригадаларында, мал фермаларында еңбекшілерге кино көрсету ісі ойдағыдай ұйымдастырылған. Ауыл шаруашылығында қажырлықпен еңбек етіп жүрген егіншілер мен механизаторлар, мал шаруашылығындағы колхозшылар өздерінің бос уақыттарында кинолар көріп, көңілді тынығады.

Бірақ еңбекшілердің кино көру жөніндегі мәдени тілектері облысымыздың барлық аудандарында толық қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Октябрь, Совет, Петропавл, Преснов аудандарында колхозшыларға кино көрсету ісіне толық мән берілмей келеді. Бұл аудандардың көптеген колхоздарының мал фермаларында, бригадаларында бірнеше айлар бойына колхозшылар кино көрмейді. Ал, бұл аудандардағы мәдениет бөлімдерінің қызметкерлері еңбекшілердің кино көрсету ісін жақсарту жөніндегі талаптарына көңіл бөлмейді. Октябрь ауданының Чапаев атындағы Жамбыл атындағы және «30 жылдық Қазақстан» колхоздарында 4 айдан бері кино көрсетілмеген. Чапаев атындағы колхозда, — деп жазады тілші **Сибан баев**, — 4 айдан бері бірде-бір кино көрсетілген емес. Аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Касаткина жолдас еңбекшілерді киномен қамту ісін мүлде ұмытқан. — Ленин ауданындағы Аманкелді атын-

дағы колхоздың № 3 бригадасына, — деп хабарлайды **Көбенов** жолдас, — тоғыз айдан бері бірде-бір кино көрсетілмеді.

Колхозшыларға кино көрсету дұрыс ұйымдастырылуы көбінесе киномеханиктердің өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарауына байланысты. Колхозшыларға көрсетілетін киноны сапалы қою, көрушілерге кинофильм жөнінде түсінік беріп отыру киномеханиктердің міндеті. Бұл міндеттерді өз мәнінде атқарып жүрген Осипов, Оразалин, Степанов, Кадочникова сыяқты киномеханиктер аз емес. Бірақ аудан орталықтарынан шалғай жатқан колхоздардың мал фермаларына, бригадаларына кино көрсетуге көп кемшіліктер кездеседі. Бұл кемшіліктер тікелей жекелеген киномеханиктердің кінәсінен болып отыр. Мысалы, Жамбыл атындағы колхозда (Октябрь ауданы) киномеханик Трофимов жолдас «Мұны ұмытуға болмайды» деген кинофильмнің бір сеансын жеті күнге созған. Себебі киноаппаратты жақсы өзірлеп әкелмеген, еңбекшілер алдындағы өз міндетіне немқұрайдылықпен қараған. Сондай-ақ киномеханиктер Карабаев (Преснов ауданы), Драчун (Петропавл ауданы) жолдастар колхозшыларға көрсетуге апарған кинофильмдерді дұрыс қоймайды. Немесе маскүнемдікке салынады.

Еңбекшілердің мәдени тілектерін қанағаттандырып отыруда, олардың СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қаулыларының талаптарын мүлтіксіз іске асыру ісінде еңбекке жігерленуіне кино көрсетудің маңызды орын алатындығын облыстық мәдениет басқармасы мен аудандық мәдениет бөлімдері естен шығармауы керек.

рындары көп жылдар бойғы жемісті қызметін, оның жұртшылыққа кеңінен белгілі қарапайымдылығын және еңбекшілердің экономикалық, саяси мүдделері үшін күресуге ұдайы әзір екендігін жылы шырайлы сөздермен сипаттады. Мұнымен бірге, Лю Цзы-цзю, С. А. Данте, Г. Варнке, Ласаро Пенья өз елдерінің жұмысшы табы атынан лауреатты құттықтады.

Ален Ле Леанқа Сталиндік сыйлық беру салтанаты бейбітшілік үшін, демократия үшін, социализм үшін күресуші жұмысшы табының халықаралық ынтымағының қуатты демонстрациясына айналды.

Жылы жүзбен қарсы алғаны үшін толқын сезімге бөленген Ален Ле Леан жауап сөз сөйледі, оның сөзін залдағылар зейін қойып тыңдады.

(СОТА).

СОВЕТ ҒАЛЫМДАРЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫТАЙДА БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 16 май. (СОТА). ҚХР Ғылым академиясының шақыруы бойынша Қытайда жатқан ССРО Ғылым академиясының вице-президенті академик Бардин бастаған совет ғалымдарының делегациясы жуық арада Шанхайда болды. Совет ғалымдары қаланың ғылыми-зерттеу мекемелерін, жоғары оқу орындарын, өнеркәсіп кәсіпорындарын, сонымен бірге ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерді аралап көрді.

Шанхайда совет ғалымдары сонымен бірге Қытайдың ұлы революционер-демократы Сунь Ят-сен тұрған үйде, сол сыяқты, Қытай әдебиетінің классигі Лу Синьнің музей үйінде, Пионерлер сарайында болды, Қытай операларының ойындарына қатысты.

«Гуанминжибао» газеті бүгін былай деп хабарлайды: совет ғалымдары делегациясының мүшелері өздерінің Шанхайда болған уақытында қаланың ғылыми топтарында металлургия, электр приборларын жасаудың теориясы, физика және химия ғылымдарының проблемалары, шартты рефлекс туралы Павлов ілімінің негіздері туралы бірнеше баяндамалар жасады.

ФРАНЦУЗ ҮКМЕТІНІҢ АЛЬЖИРДЕГІ АНТИДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ШАРАЛАРЫ

ПАРИЖ, 13 май. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарлауынша, Француз үкметі «төтенше жағдайды» бүкіл Константина департаментіне (Альжир) қолдануға қарар қабылдаған. Бұл департаменттің Солтүстік аудандарына көздің өзінде жандармерияның ірі күштері жіберілген.

Тарихи кездесуге қатысушылар Б. Л. Шивер, Уильям Уэйсел, Чарльз Г. Форрестер, Клод У. Мур, Джозеф Половский, Роберт Хааг, Фред У. Джонстон, Мюри Шульмен және Илайжа Сэмс 13 майда Москвадан туған еліне жүріп кетті. Внуково аэродромында қонақтарды дүниежүзілік екінші соғыстың совет және американ ветерандарының кездесуін өткізу жөніндегі комитеттің председатели Е. И. Порфирьев, осы комитеттің мүшелері А. А. Федотов, Г. С. Голлоробордью, А. М. Баранов, А. П. Родионов және дүниежүзілік екінші соғыстың басқа да совет ветерандары, сонымен қатар совет және шетел баспасөзінің өкілдері шығарып салды.

Москвада болған төрт күннің ішінде Эльбадағы кездесудің американ қатысушылары көптеген совет ветерандарымен — өздерінің бұрынғы қарулас жолдастарымен кездесті. Москвадан жүріп кететін күннің жарсаңбыда қонақтарды ССРО Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасары, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының бас штабының бастығы Совет Одағының Маршалы В. Д. Соколовский қабылдады. Кездесу жылы шырайлы, достық жағдайда өтті.

Москвада болған кезінде американ ветерандары Ленин-Сталин Мавзолейінде болды, Кремльді аралап көрді, Станиславский мен Немирович-Данченко атындағы

политенді аралады, Москва маңындағы «Луч» колхозында болды.

Аэродромда совет және американ ветерандарының кездесуін өткізу жөніндегі комитеттің председатели Е. И. Порфирьев американдық қонақтарға арналған қысқаша хоштасу сөзін айтты.

— Совет ветерандары әділ ел. — өздерінің бұрынғы қарулас жолдастарымен кездескеніне өте қуанышты. Бұл кездесу ортақ іске — бейбітшілік ісіне қосылған үлес болды.

Джозеф Половский жауап сөз сөйледі, ол Эльбадағы кездесуге қатысқан өз жолдастарының атынан Москвада өздерін жылы шыраймен, қошеметпен қарсы алғаны үшін совет ветерандарына алғыс айтты. Ол совет ветерандары да өз тарапынан дүниежүзілік екінші соғыстың американ қатысушыларында қонақта бола алады деген үміт білдірді. Джозеф Половский олар да осындай жылы шыраймен қабыл алынады деп сендірді.

— Москвадан кетіп бара жатып, — деп мәлімдеді Джозеф Половский, — біз жанымыздың жартысын осында қалдырып барамыз, бұл кездесу тамаша нәтижелерін береді және біз, американ ветерандары, сіздермен тағы да кездесеміз деп сенеміз.

Сонымен бірге Мюри Шульмен де жылы шыраймен қабыл алғаны үшін совет ветерандарына алғыс айтты.

(СОТА).

зып, тұрғындарын оңтүстікке көшуге мәжбүр етіп отырған аудандарда болды.

Нота мынаны талап етеді: француз одағы қарулы күштерінің жоғарғы командованисі Вьетнам Демократиялық Республикасының территориялық су және әуе кеңістігін бұдан былай бұзудан бас тартуға тиіс.

ГОЛЛАНДИЯДАҒЫ СОҒЫС ӘЗІРЛІКТЕРІ

ГААГА, 16 май. (СОТА). «Де Ваархейд» газеті былай деп хабарлайды: НАТО-ға қатысушы елдердің (Солтүстік атлантикалық одақ. — Ред.) июнь айында болатын «атомдық маневріне» Голландия әскерлері де қатысатын болады.

«Бұл жолмен ерекше жүктерді тасуға байланысты» түнгі уақыттарда Гаага-Роттердам тас жолының бойымен жүрістің таяу уақытта жабылатындығы туралы жуық арада жарияланған хабарға тоқтай келіп, газет былай деп жазады: мұның өзі жолға жақын жерге орналасқан Ишенбург аэродромына американдық авиация техникаларын тасып жеткізуден туып отыр.

Редактордың орынбасары

Г. НУРМОЛДИН.

1955 жылдың екінші жартысына облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, «союзпечать» бөлімшелерінде кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәдениет басқармасы 1955 жылғы 25 майдан бастап кітапхана қызметкерлерінің бір айлық курсының ұйымдастырады.

Курсқа орта білім бар адамдар қабылданады.

Курсты бітірген адамдар жаңадан ұйымдастырылған селолық кітапханаларға жұмысқа жіберіледі.

Курсқа түскісі келетіндердің облыстық мәдениет басқармасынан (Ленин көшесі, № 29-үй) түсінік алуына болады.

Киров атындағы артель былғары пальто, портфель, әйелдер сумкалары және аяқкиімдерді қарағ, қоңыр түске және қызылға бояу үшін замалдар қабылдайды.

АДҒЕС: Қарағанды көшесі, № 13 үй.

Артель басқармасы.

«Казглассельснабтың» Петропавлдағы базасына «ЗИС-5» машинасын жүргізуші шофер, жүк тиеушілер КЕРЕК.

Ет консерв комбинатының № 2 совхозына бухгалтер КЕРЕК.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«БӨГЕЛЕК»

Сеанстар сағат 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«МАЗАСЫЗ ЖАСТЫҚ ШАҚ»

Сеанстар сағат 5, 7-де басталады.

«АНТУАН МЕН АНТУАНЕТТА»

Сеанстар сағат 9, 11-де басталады.

Петропавл аудандық «За коммунизм» газетінің редакциясына есепші-машинистка КЕРЕК. Еңбекақы смета бойынша төленеді.

Редакцияның адресі: Куйбышев көшесі, № 38 үй, телефон 8-27.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00778.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.